

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Министерство образования и науки Республики Казахстан

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы
Национальная академия образования имени И. Алтынсарина



**ҮШ ТІЛДІ БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДА ЖҰМЫС ІСТЕЙТІН
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КАДРЛАРДЫ ДАЯРЛАУДЫҢ
ҚОЛДАНЫСТАҒЫ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ
МАЗМҰНЫН ТАЛДАУ**

Талдамалы анықтама

**АНАЛИЗ СОДЕРЖАНИЯ ДЕЙСТВУЮЩИХ ПРОГРАММ
ПОДГОТОВКИ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ КАДРОВ ДЛЯ РАБОТЫ
В УСЛОВИЯХ ТРЕХЪЯЗЫЧНОГО ОБРАЗОВАНИЯ**

Аналитическая справка

Астана
2016

**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы**

**Министерство образования и науки Республики Казахстан
Национальная академия образования им. И. Алтынсарина**



**ҮШ ТІЛДІ БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДА ЖҰМЫС ІСТЕЙТІН
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КАДРЛАРДЫ ДАЯРЛАУДЫҢ ҚОЛДАНЫСТАҒЫ
БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ МАЗМҰНЫН ТАЛДАУ**

Талдамалы анықтама

**АНАЛИЗ СОДЕРЖАНИЯ ДЕЙСТВУЮЩИХ ПРОГРАММ
ПОДГОТОВКИ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ КАДРОВ ДЛЯ РАБОТЫ В
УСЛОВИЯХ ТРЕХЪЯЗЫЧНОГО ОБРАЗОВАНИЯ**

Аналитическая справка

Астана
2016

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми кеңесімен баспаға ұсынылды (2016 жылғы 20 қазандағы № 9 хаттамасы)

Рекомендовано к изданию Ученым советом Национальной академии образования им. И. Алтынсарина (протокол № 9 от 20 октября 2016 года)

Үш тілді білім беру жағдайында жұмыс істейтін педагогикалық кадрларды даярлаудың қолданыстағы бағдарламаларының мазмұнын талдау. Талдамалы анықтама. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2016. – 51 б.

Анализ содержания действующих программ подготовки педагогических кадров для работы в условиях трехязычного образования. Аналитическая справка.– Астана: НАО имени И.Алтынсарина, 2016. – 48 с.

Талдамалы анықтамада Қазақстандағы педагогикалық кадрларды даярлаудың қолданыстағы бағдарламаларына талдау жасалған, республикадағы үштілді білім берудің ерекшеліктері анықталды, үштілді білім беруге даярлау контекстінде педагогикалық мамандықтардың оқу бағдарламаларын әзірлеу бойынша ұсыныстар берілген. Талдамалы анықтама білім беру жүйесі қызметкерлеріне арналған.

В аналитической справке дан анализ действующих программ подготовки педагогических кадров в Казахстане, выявлены особенности трехязычного образования в республике, даны рекомендации по разработке образовательных программ педагогических специальностей в контексте подготовки к трехязычному образованию.

Аналитическая справка предназначена для работников системы образования.

© Ы. Алтынсарин атындағы
Ұлттық білім академиясы, 2016

© Национальная академия
образования им. И. Алтынсарина, 2016

Кіріспе

Қазақстанда қоғамның экономикалық және әлеуметтік жаңғыртулардың аса маңызды көріністерінің бірі тіл саласындағы саясат болып табылады. Мемлекеттік саясаттың осы құрамдас бөлігіне Ұлт көшбасшысы – Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаев ерекше назар аударғаны белгілі, сондықтан бұл мәселе терең зерделеуді және талдауды қажет етеді, оған себеп тек біздің елде ғана Мемлекет басшысының бастамасымен «Үш тұғырлы тіл саясаты» бірегей жобасы іске асырылуда.

Қазіргі көптілділік және мультимәдениет заманында тілдердің түйісуі, қоғамды жұмылдыру жөнінде тілдер саласында тиімді және өміршең бағдарламаларды іздеп табу аса маңызды да күрделі мәселе. Осыған байланысты үш тұғырлы тіл саясатын іске асырылуының нәтижесі болып табылатын көптілділік білім берудің маңызы мен өзектілігі күмән келтірмейді.

Көптілділік адамзаттың дамуының басты бағыты болғаны ертеден белгілі. Бүгінгі күні азаматтары тек бір тілді ғана білетін мемлекеттерді еске түсіру мүмкін емес. Және бір ғана ұлт өкілдері тұратын өркениетті мемлекет жоқ десек қателеспейміз. Кез келген көпұлтты мемлекеттің қалыпты өмір сүруі үшін екі тілділік және көптілділікті қалыптастыру өте маңызды.

Білім беруде көптілділікті тиімді енгізу жөніндегі Президенттің қойған мәселелерін шешу үшін Қазақстан Республикасының кейбір жоғары оқу орындарында мен мектептеріндегі фрагментарлық жинақталған тәжібелерді бір жүйеге келтіру және білім беру бағдарламаларында бірізділікті қамтамасыз ету қажет. Бұның өзі «мектеп-жоо» жүйесінде көптілділік білім берудің бірізділік қағидасын іске асыру бойынша ғылыми-әдістемелік ұсынымдардың кешенін дайындауды талап етеді. Оның әлеуметтік-экономикалық әсері Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында қойылған «...еліміздің жоғарғы оқу орындарында көптілді педагогикалық кадрларды даярлау» мәселелерін шешудің алдыңғы шарттары жасалатындығымен анықталады [1].

Қазақстандағы білім берудің аса маңызды стратегиялық міндеті - бір жағынан қазақстандық озық білім беру дәстүрлерін сақтау, екінші жағынан мектеп түлектерін халықаралық біліктілік сапасымен қамтамасыз ету, оларда лингвистикалық сананы дамыта отырып, мемлекеттік тілді, ана тілін және шетел тілін меңгерту болып табылады.

2015-2020 жылдардағы үш тұғырлы тілді дамытудың Жол картасының 5.2 бабына сәйкес «үш тұғырлы тіл аясында жұмыс істеу үшін педагогикалық кадрларды даярлаудың қолданыстағы бағдарламаларының мазмұнына талдау жасау» бойынша [2] Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы аналитикалық анықтама дайындады.

Аналитикалық анықтама дайындау үшін 2015-2016 оқу жылы мен 2016-2017 оқу жылындағы жұмыс оқу жоспарларының негізінде Қазақстан Республикасында педагогикалық кадрларды даярлаудың қолданыстағы бағдарламаларына сараптама жасалды.

Техникалық ерекшеліктерге сәйкес:

- көптілділік білім беру үшін педагогикалық кадрларды даярлаудың халықаралық тәжірибесі зерделенді;

- Қазақстанда үштілділік білім берудің ерекшеліктері анықталды;

- педагогикалық кадрларды даярлаудың қолданыстағы бағдарламаларының үштілділік білім берудің мақсаттары мен міндеттеріне сәйкестігі анықталды;

- Үш тұғырлы тілді білім беруге дайындық аясында педагогикалық мамандықтардың білім беру бағдарламаларын жасау жөнінде ұсынымдар дайындалды.

Жүргізілген зерттеулердің нәтижелері осы аналитикалық анықтамада өздерінің көрінісін тапты.

1 Педагогикалық кадрларды даярлаудың қолданыстағы бағдарламаларының мазмұны

2016-2019 жылдарға арналған білім мен ғылымды дамытудың Мемлекеттік бағдарламасында былай деп көрсетілген: «Жаңғыртылған білімге көшуге байланысты жоғары оқу орындарының білім бағдарламаларының мазмұны жетілдірілетін болады. 2017-2018 оқу жылынан бастап, жаратылыстану-математикалық бағыттағы 4 педагогикалық мамандықтар бойынша педагогикалық мамандарды даярлайтын 15 базалық жоғары оқу орнында білім беру бағдаламаларын, оқулықтарды және ОӘК ағылшын тілінде дайындай отырып, ағылшын тілінде оқытуға көшу іске асырылады» [3].

Батыс елдерінің тәжірибесіне сәйкес мектептегі оқу процесіне «білім магистрі» дәрежесі бар мамандар кең тартылатын болады. Педагогикалық кадрларды даярлаудың жаңа жүйесі негізгі тірек нүктесі болады, ол білім мазмұнын жаңғырту жағдайында Қазақстандағы орта білім жүйесін жаңа сапалық деңгейге жеткізетін болады.

Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының (бұдан әрі – МЖМБС) құрамдас бөлігі Қазақстан Республикасы Үкіметі 13.05.2016 жылғы № 292 қаулысының 4 қосымшасы болып табылатын Типтік оқу жоспары (бұдан әрі – ТОЖ) болып табылады. ТОЖ міндетті пәндер компоненті мен таңдау бойынша пәндер компонентінің тізімін анықтайды. Мысалы, жалпы білім пәндері блогіндегі ТОЖ міндетті компоненті «Қазақ/орыс тілі» және «Шетел тілі» пәндеріне 6 кредит беріледі. «Базалық пәндер» блогінде «Кәсіптік қазақ/орыс тілі» және «Кәсіптік-бағдарланған шетел тілі» пәндеріне 2 кредиттен бөлінген.

Республиканың 131-жоғары оқу орындарының 61-де «Білім» тобы мамандықтары бойынша мамандар даярланады, оның ішінде мынадай жоғары оқу орындары бар: ұлттық - 3, мемлекеттік – 21, халықаралық жоо -1, акционерленген – 2, жеке меншік – 34 [4].

Жоғары және жоғарғы оқу орнынан кейінгі білім департаменті бұл жоғары оқу орындарының атына 2015-2016 оқу жылындағы және 2016-2017 оқу жылындағы жұмыс оқу жоспарларын (бұдан әрі – ЖОЖ) көрсету керектігі туралы хат жолдады (Қосымша №1).

Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА республиканың 10 жоғары оқу орнынан ЖОЖ алды. Бұлардың қатарында – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті; Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті; Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты; Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты; Тараз мемлекеттік педагогикалық институты; Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты; Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты; Семей қаласындағы Шәкәрім атындағы мемлекеттік университет; К.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті; Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті бар.

Мынадай жоғары оқу орындары бойынша педагогикалық кадрларды даярлаудың қолданыстағы бағдарламаларын қарастырайық:

Абай атындағы ҚазҰПУ мынадай мамандықтар бойынша ЖОЖ жіберді:

- 1) 5B012100 «Оқыту қазақ тілді емес мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті»;
- 2) 5B012200 «Оқыту орыс тілді емес мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті»;
- 3) 5B011900 «Шетел тілі: екі шетел тілі»;
- 4) 5B011000 «Физика»;
- 5) 5B011100 «Информатика»;
- 6) 5B011200 «Химия»;
- 7) 5B011300 «Биология»;
- 8) 5B011400 «Тарих».

2015-2016 оқу жылы мен 2016-2017 оқу жылындағы ЖОЖға сәйкес «Қазақ (орыс) тілі» пәндерін оқуға барлық 8-мамандық бойынша 1-ші семестрде 3 кредит және 2- семестрде 3 кредиттен бөлінген. 5B011200 «Химия» мамандығы бойынша екінші семестрде таңдау компоненті бойынша «Химиялық мәтіндерді ағылшын тіліне аударудың техникасы» пәні бойынша практикалық сабақ жүргізу көзделген, ол 3 кредит көлемінде бағаланады.

Педагогтарды 5B011900 - «Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығы бойынша даярлауға «Ақпараттық- коммуникациялық технологиялар» пәні (ағылшын тілінде) енгізілген, оған екінші семестрде 3 кредит бөлінген. Үшінші семестрде міндетті компонент ретінде мынадай тіл пәндері бойынша: «Базалық негізгі шетел тілі (B2)» - 1 кредит және «Екінші шетел тілі (A1)» - 4 кредит көлемінде практикалық сабақтар өткізу жоспарланған.

Таңдау компоненті бойынша мынадай: «Лингвоелтану» (НШТ), «Лингвомәдениеттану» (НШТ), «Заманауи практикалық фонетика (НШТ) және «Практикалық фонетика» (НШТ) пәндерін үш кредиттен үшінші семестрде оқыту көзделген. Төртінші семестрде әрқайсының көлемі 4 кредиттен «Шетел тілінің заманауи практикалық грамматикасы (НШТ) және «Функционалдық грамматика» пәндерін және көлемі 2 кредиттен «Шетел тілінің заманауи практикалық грамматикасы (НШТ) және «Функционалдық грамматика» пәндерін (ЕШТ) оқыту жоспарланған.

5B012100 «Оқыту қазақ тілінде емес мектептерде қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша 1 курста оқитын студенттер үшін ЖОЖ мынадай пәндерді оқыту көзделген:

- бірінші семестрде 2 кредиттен – «Қазақ (орыс тілі)» және «Шетел тілі», «Практикалық қазақ тілі» және «Заманауи қазақ тілінің фонетикасы»;

- екінші семестрде – үш кредиттен «Қазақ (орыс тілі)» және 2 кредиттен «Шетел тілі»;

- үшінші семестрде – 2 кредиттен «Заманауи қазақ тілінің лексикологиясы» және «Қазақ әдебиеті: хандық дәуір»;

- төртінші семестрде – «Қазақ тіліндегі сөздер құрау» (2 кредит), «Заманауи қазақ тілінің морфологиясы» (3 кредит), «Орфография мен пунктуацияның негіздері» (3 кредит).

5B012200 «Оқыту орыс тілді емес мектептердегі Орыс тілі мен әдебиеті» мамандығы үшін міндетті компонентке мынадай пәндер кіргізілген: үшінші

семестрде «Заманауи орыс тілінің фонетикасы» (2 кредит) және «Заманауи орыс тілінің лексикологиясы» (2 кредит). Таңдау бойынша компонентте көлемі 3 кредит болатын «Екі тілді лексикография» пәнін оқыту көзделген.

Павлодар мемлекеттік педагогикалық институтында:

- «Информатика» мамандығы бойынша 3 «Коммуникативтік» модулінде «Қазақ/орыс тілі» және «Шетел тілі» пәндеріне бірінші және екінші семестрде 3 кредиттен бөлінген. 5 модульде «Психологиялық-педагогикалық және информатика негіздері» міндетті компонент ретінде «Педагогикалық кәсіпке кіріспе» пәнін 1 кредит көлемінде ағылшын тілінде оқыту көзделіп отыр.

«Коммуникативтік-әдістемелік» 7 модуліне әрқайсына 2 кредиттен міндетті компонент ретінде «Кәсіптік қазақ/орыс тілі» және «Кәсіптік-бағдарланған ағылшын тілі» пәндері енгізілген.


«Программалаудың негіздері және компьютер архитектурасы» 8 модулінде таңдау компоненті бойынша «Алгоритмдер теориясы» және «Ақпараттар теориясы» пәндері (3 кредиттен) енгізілген, олар қазақ/орыс тілдерінде оқытылады. Сонымен қатар бұл модульде «Программалау технологиясы» (3 кредит) және «Объектілі бағдарланған программалау технологиясы» (4 кредит) пәндері ағылшын тілінде оқытылады. «Ақпараттық коммуникациялар технологиясы және сандық әдістер» 9 модулінде «Білім берудегі ақпараттық және коммуникациялық технологиялар» (3 кредит) және «Қосалқы программалық қамтамасыз ету» (2 кредит) пәндер ағылшын тілінде оқытылады. «Математиканы қосалқы қамтамасыз ету» пәні 3 кредит деп бағаланған және ол қазақ/орыс тілінде оқытылады.

1-кесте – 2015-2016 оқу жылының оқу жоспары

Кре- дит- тер саны	Пән циклдары	Орыс топтарынд а қазақ тілінде	Қазақ топтарынд а орыс тілінде	Ағылшын тілінде
129	5В011100 «Информатика»			
30	ЖББП (жалпы міндетті модульдер)	14	14	10
	ТК (элективті модульдер)	-	-	3
64	БП (базалық модульдер)	6	6	3
44	ТК (элективті модульдер)	9	9	18
32	БП (элективті модульдер)	9	9	12
	ҚОТ	5	5	5
129	5В011300 «Биология»			
30	ЖББП (жалпы міндетті модульдер)	14	14	13
64/20	БП (МК) (базалық модульдер)	3	3	3
44	БП (ТК) (элективтік модульдер)	7	7	14
32	БП (элективтік модульдер)	5	5	6

	ҚОП	5	5	5
129	5B011900 «Шетел тілі: екі шетел тілі»			
33	ЖББП (жалпы міндетті модульдер)	6	6	6
64/20	БП (МК) (базалық модульдер)	2	2	2
129	5B012100 «Оқыту қазақ тілінде емес мектептердегі қазақ тілі және әдебиеті»			
33	ЖББП (жалпы міндетті модульдер)	-	6	6
64/20	БП (МК) (базалық модульдер)	2	2	2
129	5B012200 «Оқыту орыс тілінде емес мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті»			
33	ЖББП (жалпы міндетті модульдер)	6	-	6
64	БП (МК) (базалық модульдер)	-	2	2
129	5B012400 «Химия - Биология»			
33	ЖББП (жалпы міндетті модульдер)	14	14	13
64	БП (МК) (базалық модульдер)	4	4	2
44	БП (ТК) (элективтік модульдер)	5	5	16
32	БП (ТК) (элективтік модульдер)	5	5	11
	ҚОП	5	5	5
129	5B012700 «Физика – Информатика»			
33	ЖББП (жалпы міндетті модульдер)	14	14	13
64	БП (МК) (базалық модульдер)	6	6	3
44	БП (ТК) (элективтік модульдер)	5	5	15
32/5	БП (МК)	5	5	3
27	БП(ТК) (элективтік модульдер)	3	3	12
	ҚОП	5	5	5
129	5B012900 «Тарих – Дінтану»			
30	ЖББП (жалпы міндетті модульдер)	14	14	11
64	БП (МК) (базалық модульдер)	6	6	3
44	БП (ТК) (элективтік модульдер)	10	10	13
32	БП (элективтік модульдер)	-	-	3
	ҚОП	5	5	5

1-суреттен Павлодар мемлекеттік педагогикалық институтында 2015-2016 оқу жылының ЖОЖ-да: пәндердің 14,4% - мемлекеттік тілді, 14,6% - орыс және 18,1% - ағылшын тілін құрайтыны көрінеді.




1-сурет – Тілдер бойынша оқытылатын пәндердің үлесі

2- кесте – 2016-2017 оқу жылындағы оқу жоспары

Кредит-тер саны	Пәндер циклы	Орыс топтарында қазақ тілінде	Қазақ топтарында орыс тілінде	Ағылшын тілінде
129	5B01100 «Физика»			
28	ЖББП (жалпы міндетті модульдер)	6	6	9
71/20	БП (МК) (базалық модульдер)	10	10	8
51	БП (ТК) (элективтік модульдер)	11	11	13
30/5	БП (МК)	-	-	2
25	БП (ТК) (элективтік модульдер)	3	3	13
	ҚОП	5	5	5
129	5B011100 «Информатика»			
28	ЖББП (жалпы міндетті модульдер)	6	6	9
71/20	БП (базалық модульдер)	2	2	3
51	ТК (элективтік модульдер)	18	18	18
27	БП (элективтік модульдер)	4	4	15
	ҚОП	5	5	5
129	5B011200 –«Химия»			
28	ЖББП (жалпы міндетті модульдер)	6	6	9
69/20	БП (МК) (базалық модульдер)	2	2	2
49	БП (ТК) (элективтік модульдер)	11	11	18
32/5	БП (МК)	-	-	2
27	БП (ТК) (элективтік модульдер)	5	5	7

	модульдер)			
129	5B011300 «Биология»			
28	ЖББП (жалпы міндетті модульдер)	6	6	9
69/20	БП (МК) (базалық модульдер)	2	2	2
49	БП (ТК) (элективтік модульдер)	10	10	27
32/27	БП (ТК) (элективтік модульдер)	8	8	6
	ҚОП	5	5	5
129	5B011400-«Тарих»			
28	ЖББП (жалпы міндетті модульдер)	6	6	9
69/20	БП (МК) (базалық модульдер)	2	2	2
49	БП (ТК) (элективтік модульдер)	15	15	-
32/27	БП (ТК) (элективтік модульдер)	-	6	-
129	5B011900 «Шетел тілі: екі шетел тілі»			
28/21	ЖББП (жалпы міндетті модульдер)	6	6	9
69/20	БП (МК) (базалық модульдер)	2	2	2
129	5B012100 «Оқыту қазақ тілді емес мектептердегі Қазақ тілі мен әдебиеті»			
28/21	ЖББП (жалпы міндетті модульдер)	6	6	9
69/20	БП (МК) (базалық модульдер)	2	2	2

2-суретте ПМПИ-ның 2016-2017оқу жылындағы оқу жоспарында көпшілігін санды ағылшын тіліндегі пәндер құрайтыны көрсетілген:




2-сурет – Пәндерді үш тілде оқыту бойынша салыстырмалы мәліметтер

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институтында келешек педагогтарды даярлау деректерін келтіреміз:

3- кесте – 2016-2017 оқу жылының оқу жоспары

Кредиттер саны	Пәндер циклы	Орыс топтарында қазақ тілінде	Қазақ топтарында орыс тілінде	Ағылшын тілінде
129	5B011100 «Информатика»			
30	ЖББП (жалпы міндетті модульдер)	14	14	10
	ТК (элективтік модульдер)	-	-	3
64	БП (базалық модульдер)	6	6	3
44	ТК (элективтік модульдер)	9	9	18
32	БП (элективтік модульдер)	9	9	12
	ҚОП	5	5	5
129	5B011300 «Биология»			
30	ЖББП (міндетті модульдер) Көкпітілді дайындық	8	6	6
64	БП (МК) (міндетті модульдер) Мамандық бойынша тілдік даярлық	4	2	3
20	БП (жалпы пәндер модульдері)	5	3	2
44	БП (ТК) (таңдау бойынша мамандық модульдері)	4	-	18
32	БП (элективтік модульдер)	6	16	6
	ҚОП			
5B011000 -«Физика»				
46	ЖББП(міндетті модульдер)	8	8	9
71	Таңдау бойынша модульдер	22	20	19
32	БП (элективтік модульдер)			
129	5B011200 - «Химия»			
46	ЖББП(міндетті модульдер)	6	6	9
12	Жалпы білім беру пәндері модульдері	1	-	2
71	Бейіндік пәндер модулі	7	10	31
129	5B011400 - «Тарих»			
46	ЖББП(міндетті модульдер)	6	6	9
10	Жалпы білім беру пәндері модульдері	-	-	0
73	Таңдау бойынша модульдер	73	22	3

Сонымен, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институтында кредиттердің көп саны қазақ тіліндегі пәндерге беріледі (3-сурет).



3-сурет–Мақсатты тілде оқытылатын пәндердің үлесі


Тараз мемлекеттік педагогикалық институты көптілді топтарға арналған 2016-2017 оқу жылындағы оқу жоспарын ұсынды.

4-кесте – 2016-2017 оқу жылындағы жұмыс оқу жоспары

Кредит тер саны	Пәндер циклы	Қазақ тілінде	Орыс тілінде	Ағылшын тілінде
129	5B011100 «Информатика»			
28/21	ЖББП (МК)	6	6	9
7	ТК	2	5	-
69/22	БП (МК)	14	5	3
47	БП (ТК)	18	3	3
32/5	БП (МК)	5	-	-
27	БП (ТК)	3	3	6
129	5B011300 «Биология»			
28/21	ЖББП (МК)	6	6	9
7	ТК	5	2	-
69/22	БП (МК)	14	3	5
47	БП (ТК)	21	18	8
32/5	БП (МК)	-	-	5
27	БП (ТК)	18	-	9
129	5B011000 «Физика»			
28/21	ЖББП (МК)	6	6	9
7	ТК	3	4	
69/22	БП (МК)	12	7	3
47	БП (ТК)	24	11	9
32/5	БП (МК)	3	2	-
27	БП (ТК)	14	6	7
129	5B011200 «Химия»			
28/21	ЖББП (МК)	6	6	9

7	ТК	5	2	-
69/22	БП (МК)	10	9	3
47	БП (ТК)	15	12	20
32/5	БП (МК)	5	-	-
27	БП (ТК)	11	9	7
129	5B011400 «Тарих»			
28/21	ЖББП (МК)	6	6	9
7	ТК	-	7	-
69/22	БП (МК)	16	3	3
47	БП (ТК)	25	7	15
32/5	БП (МК)	5	-	-
27	БП (ТК)	19	2	6
129	5B011900 «Шетел тілі: екі шетел тілі»			
28/21	ЖББП (МК)	6	6	9
69/22	БП (МК)	3	3	3
47	БП (ТК)			
32/5	БП (МК)			
27	БП (ТК)			
129	5B012100 «Оқыту қазақ тілді емес мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті»			
28/21	ЖББП (жалпы міндетті модульдер)	6	6	9
69/20	БП (МК) (базалық модульдер)	3	3	3
129	5B012200 «Оқыту орыс тілді емес мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті»			
28/21	ЖББП (жалпы міндетті модульдер)	6	6	9
69/20	БП (МК) (базалық модульдер)	3	3	3

«Информатика», «Биология», «Физика», 5B011200 «Химия», «Шетел тілі: екі шетел тілі», «Оқыту қазақ тілді емес мектептегі қазақ тілі мен әдебиеті», «Оқыту орыс тілді емес мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті» мамандықтары бойынша 2-курс студенттері үшін «Кәсіптік қазақ/орыс тілі» және «Кәсіптік-бағдарланған шетел тілі» пәндері «Базалық пәндер» блогында көрсетілген. Олар міндетті компонент болып табылады және олардың әрқайсына 3 кредит бөлінген.



4-сурет – 2016-17 оқу жылына Тараз МПИ жұмыс оқу жоспарындағы пәндердің оқыту тілі бойынша арақатынасы

№ 4-кестеден және 4-суреттен Тараз МПИ-да қазақ тіліндегі пәндерге 24,2%, ағылшын тілінде – 14,4% және орыс тілінде – 13,2% бөлінгені көрінеді.

Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтында «Жалпы элективтік пәндер» бөлімінде «Физика» мамандығы бойынша мынадай пәндерді оқытуға 2 кредиттен бөлінген: «Физиканы ағылшын тілінде оқыту», «Физикалық терминдерді ағылшын тілінде оқыту», «Физиканы ағылшын тілінде оқытудың әдістемесін ұйымдастыру». Бұл пәндер «Кәсіптік тілдік коммуникативтік орта» модуліне кіреді.

«Информатика» мамандығы бойынша «Кәсіптік тілдік коммуникативтік орта» модулінде студенттер таңдайтын 2-кредиттік мынадай пәндер: «Информатиканы ағылшын тілінде оқыту», «Информатиканы оқытудың жаңа технологиялары», «Информатиканы оқытудағы ақпараттық технологиялардың мүмкіндігін пайдалану» оқытылады.


«Химия» мамандығы бойынша «Кәсіптік - коммуникативтік» модульде студенттер таңдайтын мынадай 2-кредиттік пәндер ұсынылады: «Ағылшын тілінде химияны оқыту», «Бейорганикалық химияны ағылшын тілінде оқыту», «Органикалық химияны ағылшын тілінде оқыту».

5 – кесте

Барлық кредит тер саны	Пәндер циклы	Қазақ тілінде	Орыс тілінде	Ағылшын тілінде
129	5B011100 «Информатика»			
33	ЖББП (МК)	6	6	6
64/20	БП (МК)	2	2	2
32/27	БП(ТК)	-	-	2
129	5B011300 «Биология»			
33	ЖББП (МК)	6	6	6
64/20	БП (МК)	2	2	2
32/27	БП (ТК)	-	-	2
129	5B011000 «Физика»			
33	ЖББП (МК)	6	6	6

64/20	БП (МК)	2	2	2
32/27	БП (ТК)	-	-	2
129	5В011200 «Химия»			
33	ЖББП(МК)	6	6	6
64/20	БП (МК)	2	2	2
32/27	БП (ТК)	-	-	2
129	5В011400 «Тарих»			
33	ЖББП (МК)	6	6	6
64/20	БП (МК)	2	2	2
129	5В011900 «Шетел тілі: екі шетел тілі»			
33	ЖББП (МК)	6	6	6
64/20	БП (МК)	2	2	2
129	5В012100 «Оқыту қазақ тілді емес мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті»			
33	ЖББП	6	6	6
64/20	БП (МК)	2	2	2
129	5В012200 «Оқыту орыс тілді емес мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті»			
33	ООД	6	6	6
64/20	БД (ОК)	2	2	2

5-суретте Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық МПИ пәндерінің пайыздық арақатынасы көрсетілген .



5-сурет – тіл бойынша пәндердің пайыздық арақатынасы.

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінде «Физика», «Биология», «Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандықтары бойынша ЖОЖ негізінде 3-негізгі міндетті модульде мынадай пән: «Шетел тілі» -6 кредит, 4-негізгі міндетті модульде – «Қазақ (орыс) тілі» - 6 кредит, 5-негізгі міндетті модульде «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар»-3 кредит ағылшын тілінде оқытылатын болады.

Кәсіптік міндетті модуліне мынадай пәндер кіреді: «Кәсіптік қазақ/орыс тілі» және «Кәсіптік-бағдарланған шетел тілі», әрқайсы 2 кредиттен. «Оқыту орыс тілді емес мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті» мамандығы үшін 3-кәсіптік

элективтік модульге әрқайсы 3 кредиттен «Заманауи қазақ тілі» және «Қазақ тілінің орфографиялық нормалары» пәндері енгізілген.

«Физика», «Биология», «Оқыту қазақ тілді емес мектердегі қазақ тілі мен әдебиеті», «Оқыту орыс тілді емес мектердегі орыс тілі мен әдебиеті» мамандықтары үшін 4 негізгі элективтік модуліне 3-кредиттен тұратын «Қосалқы шетел тілі» пәні кіреді.

«Биология» мамандығы бойынша кәсіптік элективтік модульге орыс тілінде оқытылатын, көлемі 3-кредит «Қазақстанның биоресурстары» пәні енді. Одан кейін 1 мамандандырылған элективтік модуль таңдау үшін әрқайсы 3-кредиттен мынадай пәндерді ұсынады: «Топырақтану негіздерімен қосалқы биология» (орыс тілінде) және «Биотехнологиялардың негіздері» (ағылшын тілінде). 2 мамандандырылған элективтік модуль «Молекулярлық биология негіздері» мынадай пәнді ағылшын тілінде оқытуды ұсынады: «Паразитология» (3 кредит)

3-ші мамандандырылған элективтік модуль «Организмдердің әртүрлілігі» студенттерге таңдау үшін мынадай пәндерді ұсынады: «Қазақстанның аса қатаң күзетілетін табиғи жерлері» (ағылшын тілінде) және «Мутагенез және қоршаған орта» (орыс тілінде), бұл пәннің көлемі 3 кредит (№ 6-кесте).


6-кесте – 2016-17 оқу жылының оқу жоспары

Барлық кредиттер саны	Пәндер циклы	Қазақ тілінде	Орыс тілінде	Ағылшын тілінде
129	5B011100 «Информатика»			
13	Негізгі міндетті модуль 2,3,4, 5	14	6	9
4	Кәсіптік міндетті модуль 5	2	2	2
3	Негізгі элективтік модуль 4	-	-	3
129	5B011300 «Биология»			
17	Негізгі міндетті модуль 3, 5	6	6	9
5	Кәсіптік міндетті модуль 5	2	2	2
3	Негізгі элективтік модуль 4	-	-	3
18	Кәсіптік элективтік модуль 6,7,8	-	3	6
6	Мамандандырылған элективтік модуль	-	6	9

129	5B011000 «Физика»			
	Негізгі міндетті модуль 3, 4	6	6	9
5	Кәсіптік міндетті модуль	2	2	2
3	Негізгі элективтік модуль 4	-	-	3
129	5B011200 «Химия»			
12	Негізгі міндетті модуль 3, 4, 5	6	6	9
4	Кәсіптік міндетті модуль 5	2	2	2
3	Негізгі элективтік модуль 4	-	-	3
30	Кәсіптік элективтік модуль 1,5,7	-	3	12
3	Мамандандырылған элективтік модуль 3	-	3	-
129	5B011400 «Тарих»			
15	Негізгі міндетті модуль 2,3,4	6	6	9
4	Кәсіптік міндетті модуль 5	2	2	2
3	Негізгі элективтік модуль 4	-	-	3
129	5B011900 «Шетел тілі: екі шетел тілі »			
10	Негізгі міндетті модуль 3,4,5	6	6	9
4	Кәсіптік міндетті модуль 6	2	2	2
3	Негізгі элективтік модуль 4	-	-	3
129	5B012100 «Оқыту қазақ тілді емес мектептердегі Қазақ тілі мен әдебиеті»			
10	Негізгі міндетті модуль 3,4,5	6	6	9
4	Кәсіптік міндетті модуль 6	2	2	2
3	Негізгі элективтік модуль 4	-	-	3
129	5B012200 « Оқыту орыс тілді емес мектептердегі Орыс тілі мен әдебиеті»			
10	Негізгі міндетті модуль 3,4,5	6	6	9
4	Кәсіптік міндетті модуль 6	2	2	2

15	Кәсіптік элективті модуль 3,7, 8, 11	15	-	3
3	Негізгі элективтік модуль 4	-	-	3

6-суреттен Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінде оқу пәндерін ағылшын тілінде оқытуға көп артықшылық берілетіні көрінеді.



6-сурет Пәндерді тілдер бойынша оқытуға бөлінген кредиттер үлесі


Семей қ. Шәкәрім атындағы Мемлекеттік университетінде 2015-16 оқу жылындағы ЖОЖ бойынша оқыту № 7 кестеде берілген

7-кесте

Модульдер бойынша кредиттер саны	Модуль	Қазақ тілінде	Орыс тілінде	Ағылшын тілінде
46	5B011100 «Информатика»			
18	Әлеуметтік-мәдени пәндер	-	-	6
45	5B011300 «Биология»			
12	Тілдік даярлық	6	6	6
44	5B011000 «Физика»			
18	Әлеуметтік-мәдени пәндер	-	-	6
43	5B011200 «Химия»			
12	Тілдік негіздері даярлық	6	6	6
46	5B011400 «Тарих»			
12	Тілдік негіздері даярлық	6	6	6
46	5B011900 «Шетел тілі: екі шетел тілі»			
12	Тілдік даярлық	6	6	-
45	5B012100 «Оқыту қазақ тілінде емес мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті»			
12	Тілдер	-	6	6

45	5B012200 «Оқыту орыс тілінде емес мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті»			
12	Тілдік даярлық	6	-	6

7-суретте 2015-2016оқу жылындағы ЖОЖ барлық пәндерінің - 38,9% ағылшын тілінде оқытылатыны көрсетілген.



7-сурет – Мақсатты тілде оқытылатын пәндер бойынша кредиттер санын бөлу


2016-17 оқу жылында ЖОЖ бойынша модульдер арқылы оқыту (№ 8 кесте).

8-кесте – 2016-17 оқу жылының оқу жоспары

Модульдер бойынша кредиттер саны	Модуль	Қазақ тілінде	Орыс тілінде	Ағылшын тілінде
45	5B011100 «Информатика»			
17	Әлеуметтік-мәдени пәндер	6	6	6
44	5B011300 «Биология»			
17	Әлеуметтік-мәдени пәндер	6	6	6
22	5B011000 «Физика»			
17	Әлеуметтік-мәдени пәндер	6	6	6
45	5B011200 «Химия»			
12	Тілдік даярлық негіздері	6	6	6
47	5B011400 «Тарих»			
8	Әлеуметтік мобильділік негіздері	-	-	3
12	Тілдік даярлық негіздері	6	6	6
47	5B011900 «Шетел тілі: екі шетел тілі»			

11	Әлеуметтік мобильділік негіздері	-	-	3
11	Тілдік даярлық	6	6	-
46	5B012100 «оқыту қазақ тілді емес мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті»			
13	Әлеуметтік мобильділік негіздері	-	-	3
12	Тілдік даярлық негіздері	6	6	6
44	5B012200 «Оқыту орыс тілді емес мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті»			
13	Әлеуметтік мобильділік негіздері	-	-	3
12	Тілдік даярлық негіздері	6	6	6

8-сурет Семей қаласындағы Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеттің ЖОЖ пәндерінің 34, 8% ағылшын тілінде жүргізілетінін көрсетеді.



8-сурет – Пәндерді тілдер бойынша оқытуға бөлінетін кредиттер үлесі

Төменде көптілді топтарда оқитын студенттер туралы ақпарат берілген (№ 9- кесте).

9-кесте

№	Мамандық	Ұлты			Қайдан келді		
		Қазақ	Орыс	Татар	Ауылдық жер	Қалалық	«Серпін»бағдарламасы бойынша
1.	5B060200 «Физика»	5			5	-	-
2.	5B011100 «Информатика»	21	-	-	19	2	-
3.	5B011300 «Биология»	40	1	2	25	11	4
4.	5B 011200 «Химия»	2	-	-	-	2	-

Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты 2016-2017 оқу жылындағы модульдік білім беру бағдарламаларын мынадай мамандықтар бойынша:

- «Тарих» мамандығы 2 білім бағдарламасында «Тарих және Дінтану» «Кәсіптік практикалық тіл» модулінде «Практикалық шетел тілі» пәні жоспарланған;

- «Биология» және «Химия» модулінде «Білім сапасын басқару және ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» пәніне (ағылшын тілінде) 3 кредит берілген. «Тілдік даярлық негіздері» модулінде «Шетел тілі» және «Қазақ (орыс) тілі» пәндерін оқуға 6 кредит бөлініп отыр.

2 модульдік білім бағдарламасын тереңірек қарастырайық. «Көптілді биология» бағдарламасында «Мамандықтар үшін таңдау бойынша модульдер» (83 кредит) басқа модульдердің пәндерін қосады:

- «Өсімдіктердің құрылымы мен морфологиясы» және «Омыртқасыздар зоологиясы» пәндерінің «Тірілерді ұйымдастыру деңгейлері» модулі орыс тілінде оқытылады (3 кредит), ал «Цитология және гистология» пәні ағылшын тілінде оқытылады. «Тірі организмдер биологиясы» модуліне мынадай пәндер енгізілген: «Өсімдіктер таксономиясы» және «Адам антропотомиясы» пәндері қазақ тілінде, «Омыртқалы жануарлар биологиясы» орыс тілінде және «Химияның негіздері» пәні ағылшын тілінде оқытылады.

- «Адам физиологиясы» және «Генетика негіздері» пәндері қазақ тілінде, «Органикалық әлемнің эволюциялық заңдылықтары» орыс тілінде және «Энтомологияға кіріспе» ағылшын тілінде «Жалпы биология» модуліне кіреді және олардың әрқайсы көлемі 3 кредитке тең етіп алынды;

- «Организмдер биологиясы және қосалқы биология» модулінің құрамына: «Өсімдіктердің белсенділіктерінің функционалдық негіздері» қазақ тілінде, орыс тілінде – «Топырақтану негіздерімен практикалық биология» және ағылшын тілінде «Топырақтық зоология» пәндері кіреді;

- 2 пән: «Адам экологиясы» және «Су қоймаларының альгологиясы мен экологиясы» «Адам және экология» модулінде ағылшын тілінде жүргізіледі;

- «Биоәртүрлілік» модуліндегі 3 пән: «ҚР экологиялық проблемалары», «Зоогеография» және «Орнитология» ағылшын тілінде, ал «Биогеография» орыс тілінде жүргізіледі;

- модуль «Социум, саясат және дінтану» модуліне кіретін «Дінтану» (3 кредит орыс тілінде) және «Социум және саясат (4 кредит қазақ тілінде) оқытылады;

- «Өлкетану» (2 кредит) қазақ тілінде «Қазақстан Республикасының тарихы» модулінде жүргізіледі;

- «Экономика негіздері» (2 кредит) орыс тілінде «Философия, экономика және құқық» модулінде оқытылады.

- «Оқыту мен тәрбиелеудің психологиялық – педагогикалық негіздері» модулі «Педагогикалық кәсіпке кіріспе» пәнін (ағылшын тілінде 2 кредит) қамтиды;

- «Кәсіптік практикалық тіл» модулінде «Практикалық шетел тілі» пәні (3 кредит) жүргізіледі;

- «Әдістемелік» модулі бойынша «Мұғалімдердің кәсіптік бағдары» пәні орыс тілінде оқытылады;

- «Экология және өмір қауіпсіздігін қорғау» пәні (4 кредит ағылшын тілінде) «Адам экологиясы» модулінің ішінде жүргізіледі.

2-модульдік білім бағдарламасы бойынша. «Көптілді химия» таңдау модулі мамандық үшін (83 кредит) әр модульге кіретін пәндерді қамтиды, олар былайша модульдерге бөлінген:

«Информатика» мамандығы бойынша «Тілдік даярлықтың негіздері» модулі 6 кредит негізінде «Шетел тілі» және «Қазақ (орыс) тілі» пәндерін оқытады. «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» пәні (ағылшын тілінде), 3 кредит көлемінде «Қоршаған орта және ақпараттық қоғам» модуліне кіреді. Таңдау компоненті «Практикалық шетел тілі» (3 кредит) «Кәсіптік практикалық тіл» модулінің құрамында жүргізіледі.


ҚМПИ модульдар мен кредиттер бойынша деректері № 10- кестеде берілген.

10-кесте – Пәндерді модуль және кредиттер бойынша бөлу

Модуль дер бойынша кредит тер саны	Модуль	Қазақ тілінде	Орыс тілінде	Ағылшын тілінде
129	5B011100 «Информатика»			
21	Жалпығаміндетті модульдер	6	6	9
83	Мамандықтар үшін таңдау бойынша модульдер	-	-	3
129	5B011300 «Биология»			
21	Жалпығаміндетті модульдер	6	6	9
25	Мамандық бойынша міндетті модульдер	2	2	2
83	Модульдік білім бағдарламасы 1. Биология	-	-	3
83	Модульдік білім бағдарламасы 2. Көптілді химия	21	26	36
129	5B011000 «Физика»			
21	Жалпығаміндетті модульдер	6	6	9
25	Мамандықтар бойынша жалпығаміндетті модульдер	2	2	2

83	Мамандықтар үшін таңдау бойынша модульдер	-	-	3
129	5B011200 «Химия»			
21	Жалпығаміндетті модульдер	6	6	9
25	Мамандықтар бойынша жалпығаміндетті модульдер	2	2	2
83	Мамандықтар үшін таңдау бойынша модульдер	-	-	3
81	Модульдік білім бағдарламасы 2. Көптілді химия	41	20	22
129	5B011400 «Тарих»			
21	Жалпығаміндетті модульдер	6	6	9
25	Міндетті компонент	2	2	2
83	Білім бағдарламасы 1 «Тарих»	-	-	3
83	Білім бағдарламасы 2 «Тарих және Дінтану»	-	-	3
47	5B011900 «Шетел тілі: екі шетел тілі»			
21	Жалпығаміндетті модульдер	6	6	9
25	Мамандықтар бойынша жалпығаміндетті модульдер	2	2	2
83	Таңдау бойынша компонент	15	2	66
46	5B012100 «Оқыту қазақ тілінде емес мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті»			
21	Жалпығаміндетті модульдер	6	6	9
25	Міндетті компонент	2	2	2
83	Білім бағдарламасы 1 «Оқыту қазақ тілді емес мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті»	-	-	3
83	Білім бағдарламасы 2 «Өндірістегі қазақ тілі мен әдебиеті»	-	-	3

Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтында модульдік білім беру бағдарламалары 2016-2017 оқу жылында ЖОЖ-дағы ағылшын тіліндегі пәндердің 18,5% құрайды(10-сурет).



10-сурет – Жоғары оқу орнында пәндерді мақсатты тілде оқытуға бөлінетін оқу уақытының үлесі

К.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті мамандықтар бойынша 2015-2016 және 2016-2017 оқу жылдарының ЖОЖ жіберді.

11-кесте – 2015-2016 оқу жылындағы ЖОЖ бойынша оқыту


Модуль дер бойынша барлық кредит тер	Модуль	Қазақ тілінде	Орыс тілінде	Ағылшын тілінде
129	5B011100 «Информатика»			
19	Тілдік (ЖББПМК)	3	3	3
21	Тілдік коммуникациялар және тәрбие (БПМК)	2	2	2
129	5B011300 «Биология»			
12	Ақпараттық тілдік	3	3	3
	БП МК	2	2	2
129	5B011000 «Физика»			
20	Тілдік (ЖББП МК)	3	3	3
	БП МК	2	2	2
129	5B011200 «Химия»			
12	Тілдік	3	3	3
	БП	2	2	2
129	5B011400 «Тарих»			
	Тілдік (ЖББП МК)	3	3	3
	БПМК	2	2	2
47	5B011900 «Шетел тілі: екі шетел тілі»			
12	Тілдік	3	3	6
4	Кәсіптік тілдер	2	2	2
129	5B012100 «Оқыту қазақ тілді емес мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті»			
	Тілдік	3	3	3

	БП	2	2	2
129	5B012200 «Оқыту орыс тілді емес мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті»			
	Тілдік	3	3	3
	БП	2	2	2

К.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің 2016-2017 оқу жылындағы жұмыстық оқу жоспарында «Тілдік» модульде «Қазақ/орыс тілі» және «Шетел тілі» пәндеріне 6 кредиттен бөлінген, «Оқыту және кәсіптік тілдер әдістемесі» модуліне 2 кредиттен «Кәсіптік қазақ/орыс тілі» және «Кәсіптік-бағдарланған шетел тілі» пәндері енгізілген.

«Физика» мамандығының ЖОЖ-да ағылшын тілінде 14 кредит көлемінде оқыту жоспарланған: 6 кредит «Жалпы физика курсы» модулінде, «Физикадағы компьютерлік әдістер және есептерді шешу» және «Физикадағы тәрбие және оқыту теориясы мен әдістемесі» модульдерінде 3 кредиттен, сонымен қатар Кәсіптік пәндер блогінде 2 кредит жоспарланған.

«Информатика» мамандығы ЖОЖы бойынша ағылшын тілінде 4 кредит «Программалау негіздері» және «Программалаудың базалық деректері және технологиялары» модульдерінде көрсетілген.



11-сурет – К.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің ЖОЖ оқыту тілі бойынша пәндердің үлесін бөлу

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінде «Физика», «Информатика», «Химия» және «Биология» мамандықтары бойынша жұмыс оқу жоспарларындағы «Қоғамдық-коммуникативтік» модулі бойынша 6 кредиттен 1-ші және 2-ші семестрлерде қазақ (орыс) және шетел тілі пәндерін оқыту, сонымен қатар 3 кредит көлемінде «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» пәнін ағылшын тілінде оқыту көзделген.

ЖОЖдың «Көптілді оқыту аясында тілдік пәндер және іс қағаздарын жүргізу» модулінде «Ағылшын тілінің базалық курсы (А2-В1 деңгейі)» оқытуға 6 кредит бөлінген (12-кесте).

12- кесте 2015-2016 оқу жылындағы жұмыс оқу жоспары

Барлық кредиттер	Пәндер циклы	Қазақ тілінде	Орыс тілінде	Ағылшын тілінде
129	5B011100 «Информатика»			
	ЖББП (МК)	6	6	9
	ҚМ	-	-	6
129	5B011300 «Биология»			
	ЖББП(МК)	6	6	9
	ҚМ	-	-	6
129	5B011000 «Физика»			
	ЖББП (МК)	6	6	9
	ҚМ	-	-	6
129	5B011200 «Химия»			
	ЖББП (МК)	6	6	9
	ҚМ	-	-	6
129	5B011400 «Тарих»			
	ЖББП (МК)	6	6	9
	БП (МК)	2	2	2
129	5B011900 «Шетел тілі: екі шетел тілі»			
	ЖББП (МК)	6	6	9
	БП (МК)	2	2	2
129	5B012100 «Оқыту қазақ тілді емес мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті»			
	ЖББП	6	6	9
	БП (МК)	2	2	2
129	5B012200 «Оқыту орыс тілді емес мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті»			
	ЖББП	6	6	9
	БП (МК)	2	2	2

Оқытудың 2- курсының ЖОЖ-да 2 кредиттік «Мемлекеттік тілде іс қағаз жүргізу» пәні «Тіл және ісқағазын жүргізу» қосымша модуліне мынадай мамандықтар бойынша енгізілген: «Информатика», «Биология», «Шетел тілі: екі шетел тілі», «Оқыту қазақ тілінде емес мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті», «Оқыту орыс тілінде емес мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті». обучения включает дисциплину


«Физика» және «Химия» мамандықтары бойынша «Көптілділік оқыту аясында тілдік пәндер, тіл жіне ісқағаздарды жүргізу» қосымша модулінде тағы да 3 кредиттен «Ағылшын тілінің базалық курсы (B1 деңгейі) және «Ағылшын тілінің базалық курсы (B 2 деңгейі) пәндеріне берілген.

«Тарих» мамандығы бойынша – тек 3 кредит «Ағылшын тілінің базалық курсына берілген (B 2 деңгейі) (№ 13- кесте).

13-кесте – 2016-17 оқу жылының жұмыс оқу жоспары

Барлық кредиттер	Пәндер циклы	Қазақ тілінде	Орыс тілінде	Ағылшын тілінде
129	5B011100 «Информатика»			
	ҚМ	2	-	-
129	5B011300 «Биология»			

	ҚМ	2	-	-
129	5B011000 «Физика»			
	ҚМ	2	-	6
129	5B011200 «Химия»			
	ҚМ	2	-	6
129	5B011400 «Тарих»			
	ҚМ	2	-	3
129	5B011900 «Шетел тілі: екі шетел тілі»			
	ҚМ	2	-	-
129	5B012100 «Оқыту қазақ тілді емес мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті»			
	ҚМ	2	-	-
129	5B012200 «Оқыту орыс тілді емес мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті»			
	ҚМ	2	-	-



12-сурет – Мақсатты тілде оқылатын пәндердің үлесі

2 Үштілдік білім берудің мақсаты, міндеті және ерекшеліктері

Қазақстанның әлемнің білім кеңістігіне кіруі елдегі үштілдік білімнің өзектілігін айқындап берді. 2007 жылы Қазақстан Республикасы Президенті Н.А.Назарбаев «Тілдердің үш тұғырлылығы» атты мәдени жоба ұсынған болатын. «Бүкіл әлемде Қазақстан жоғары білімді ел болып қалыптасуы, ал халқы үш тілді білуі қажет» [5].

Мемлекет басшысы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Қазақстан халқы бүкіл әлемде үш тілді пайдаланатын жоғары білімді ел ретінде танылуға тиіс. Бұлар: қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі — ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі — жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі», — деген болатын.

Президент Нұрсұлтан Назарбаев биылғы халыққа арнаған «Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру — мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» атты Жолдауында Үкіметтің алдына «Тілдердің үш тұғырлылығы» мәдени жобасын іске асыруды жеделдету міндетін қоя отырып, бүкіл қоғамымызды топтастырып отырған мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін оқыту сапасын арттыру қажеттігіне ерекше назар аударды.

Үштілділік білімнің мақсаты: халықаралық стандарттарға сәйкес қазақстандықтардың үш мақсатты тілді біруақытта меңгеруі үшін тиісті жағдай жасалуы тиіс.

Мақсатты тілдерге мына тілдер жатады:

- Қазақ тілі – мемлекеттік тіл;
- Орыс тілі – ұлтаралық қатынас тілі;
- Ағылшын тілі – жаһандық экономикаға сәтті интеграцияланудың тілі.

Мақсатты тілдерді тандап алу үштұғырлылық идеясына негізделген, ол мынадай формуламен анықталады: мемлекеттік тілді дамытамыз, орыс тілін қолдаймыз және ағылшын тілін оқимыз.

Үштілділік білімнің міндеті мыналар:

- Үштілділік білім саласында ғылыми зерттеулер жүргізу;
- CEFR («Common European Framework of Reference: Learning, Teaching, Assessment» - «Шетел тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреті: зерделеу, оқыту, бағалау» түрі бойынша мақсаттық тілдерді оқытудың деңгейлік моделін енгізу;
- CLIL технологиясын (пәндік-тілдік кіріктіріп оқыту технологиясы) кең қолдану;
- Үштілділік білім жағдайында жұмыс істеу үшін педагогикалық кадрларды даярлау;
- Үштілділік білімді дамытуды институционалдық қолдау болып табылады.

Үштілділік білім моделін қабылдауға әсер еткен негізгі факторларды белгілейміз:

1) оқушылардың екі немесе үш тілді меңгеруі олардың білім сапасын жақсартады деген ғалымдардың негіздемелері бар;

2) Қазақстандағы сегізінші сынып білімінің деңгейі еуропалық алтыншы сынып деңгейіне, Ресейдің жетінші сынып деңгейіне сәйкес екендігін ғалымдар анық дәлелдеген;

3) дамыған экономикасы және күшті білім жүйесі бар елдер (Финляндия, Норвегия, Германия, Сингапур, Малайзия және т.б.) өздерінің даму жолдарын көптілділік білімнен, нақтырақ айтқанда мектептерде ағылшын тілін кең зерделеуден бастаған;

4) егер Қазақстан жоғары аталған факторларды ескермесе, онда ол талай жылдар әлемдік экономиканың шикізат шылауы болып қала бермек, қазақстандықтар жоғары технологиялар өнімін шығарудың орнына шетел өнімін тұтынушы болып қала беру қаупі бар.

Қазақстандағы үштілділік білім моделінің ерекшеліктерін бөліп қарастыруға болады:

– қазақ тілінде оқытатын мектептерде мынадай пәндерден: «Орыс тілі және әдебиеті», «Дүние жүзі тарихы» (5-сыныптан бастап) және «Ағылшын тілі» (1-сыныптан бастап) басқа пәндердің барлығы 1-сыныптан 9-сыныпқа дейін қазақ тілінде оқытылады, былайша айтқанда тек екі пән орыс тілінде, бір пән – ағылшын тілінде оқытылатын болды. Сонымен 91,8% сабақ көлемі қазақ тілінде жүргізіледі;

– орыс тілінде оқытылатын мектептерде мынадай пәндерден: «Қазақ тілі мен әдебиеті», «Қазақстан тарихы» (5-сыныптан бастап) және «Ағылшын тілі» (1-сыныптан бастап) басқа пәндердің барлығы 1-сыныптан 9-сыныпқа дейін орыс тілінде оқытылады, былайша айтқанда тек екі пән ғана қазақ тілінде, бір пән ағылшын тілінде жүргізіледі. Сонымен 87,5% сабақ көлемі орыс тілінде өткізілетін болды;

– барлық мектептерде 10 және 11 сыныптарда «Информатика», «Химия», «Физика», «Биология» және «Ағылшын тілдері» пәндері ағылшын тілдерінде жүргізіледі, қалған пәндер қазақ тілінде оқытатын мектептерде қазақ тілінде, орыс тілінде оқытатын мектептерде орыс тілінде оқытылады. Сонымен барлық сабақ уақытының 9,3% пайызы ағылшын тілін оқытуға бағытталады;

– көрсетілген пәндерді ағылшын тілінде оқыту оқушылардың ықыласымен және педагогикалық ұжымның мүмкіндігіне байланысты жергілікті жерлердегі мектептің педагогикалық кеңесі және ата-аналар комитетінің алқалы шешімімен шешілетін болады. Сонымен ағылшын тілінде тек 10% оқушыларды ғана қамтитын болады (жоғары сынып оқушылары контингенті қазақстандық барлық оқушылардың тек 10% ғана құрайды);

– төрт пәнді ағылшын тілінде оқытуға жоғары сынып оқушылары біртіндеп дайындалатын болады, ол үшін арнайы әдістеме қолданылады:

– жаратылыстану сабақтарында (5-6 сыныптар), информатика (5-9 сыныптар), химия, физика, биология (7-9 сыныптар) оқушылар негізгі терминдердің ағылшын тіліндегі варианттарын үйренеді;

– кейінірек 8-9 сыныптарда, ағылшын тілінде кейбір сыныптан тыс ісшаралар/аталған төрт пән бойынша сабақтар жүргізіледі.

Жалпы айтқанда, мемлекеттің тіл саясаты мынаған негізделген:

– 100% мектеп түлектері қазақ тілін біліп шығатын болады;

– орыс тілін білу бағытындағы жетістіктер жоғалтылмауы тиіс, ол Қазақстандағы тарихи себептерге байланысты, керісінше бұл бағыт дамытуды талап етеді;

– тарихи, табиғи қалыптасқан қазақ-орыс билингвизміне үшінші құраманы-әлемдік қауымдастықта интеграция тілі болып табылатын ағылшын тілін қосу қажет.

Қазақстандағы Үш тілде білім беруді дамытудың 2015-2020 жылдарға арналған жол картасы» үш Министрліктің біріккен бұйрықтарымен бекітілді (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2015 жылғы 5 қарашадағы № 622 бұйрығы; Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің 2015 жылғы 9 қарашадағы № 344 бұйрығы; Қазақстан Республикасы Инвестиция және даму жөніндегі министрлігінің 2015 жылғы 13 қарашадағы № 1066 бұйрығы), ол білімнің барлық деңгейлерінің үштілдік білімге жоспарлы және кезең-кезеңмен көшуін, сонымен қатар қызуғушылық танытқан тараптардың: мемлекеттік органдардың, білім беру ұйымдарының, МЕҰ, бизнес құрылымдардың, ата-аналар қоғамдастығының, БАҚ және т.б. тиімді өзара қатынастарын қамтамасыз етуге арналған.

2015-2020 жылдардағы үштілдік білімнің дамуының жол картасын (бұдан әрі – Жол картасы) жүзеге асыру білім берудің барлық деңгейлеріндегі оқу бағдарламаларын жаңғыртуға; бірыңғай үштілді білім кеңістігіндегі бірізділікті; үштілді білімді тиімді енгізу үшін педагогикалық кадрларды даярлау және қайта даярлау жүйесін жетілдіруге; Қазақстандағы үштілділік білім саласындағы тиімді ғылыми зерттеулер жүргізуге; «Тілдердің үш тұғырлығы» мәдени жобасын насихаттауға мүмкіндік береді. [6].

Жол картасында 7 стратегиялық бағыттар көрсетілген:

1. Үштілді білім берудің нормативтік және құқықтық базасын жетілдіру;
2. Үштілді білім берудің мәселелерін зерделеу бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстары;
3. Үштілді білім беруді әдіснамалық және оқу-әдістемелік қамтамасыз ету;
4. Кадрларды даярлау және біліктілікті көтеру;
5. Үштілді білім беруге институционалдық қолдау көрсету;
6. Үштілді білім беруді ақпараттық қолдау;
7. Үштілді білім беруді қаржыландыру.

Үштілді білім беруге көшу – күрделі, сызықты емес процесс. Мәселе оқу жоспарларын және бағдарламаларын ғана қайта қарауда емес. Ең өзекті мәселе педагогикалық кадрларды даярлау болып табылады. Бұл мәселенің күрделілігі педагогикалық ойлаудың инерттігінде, көптеген педагогтардың консервативтік ойлауында. Жалпы педагогтарды инновацияларға қабілеттілігін қалыптастыру әлі де жүйелі мәселе болып отыр.

Сонымен қатар, Қазақстандағы үштілді білім берудің бүгінгі күнгі жинақталған тәжірибесі оптимизмге жетелейді және жетістіктің болатынына сеніммен қарауға мүмкіндік береді. Елімізде бұл модель пилоттық режимде 33-жалпы білім беру мектептерінде, қазақ-түрік лицейлерінде (30-дай КТЛ) және

Назарбаев зияткерлік мектептерінде (20 мектеп) үлкен жетістікпен апробациядан өтті.

3 Кадрларды даярлаудың қолданыстағы бағдарламалары мазмұндарының үштілді білім берудің мақсаттары мен міндеттеріне сәйкестігі

Жоғары білім жүйесінде үш тілде оқыту бойынша біршама тәжірибе жинақталды. Мысалы, 2008 жылдан бастап, Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті және Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті осы бағыттағы жұмыстарды үйлестіру жөніндегі базалық университеттер болып бекітілген. Үштілді кадрларға қоғамның әлеуметтік сұранысының талаптары негізінде 2011 жылы МЖМБСқа міндетті компоненттер ретінде мынадай: «Кәсіптік қазақ/орыс тілі» и «Кәсіптік-бағдарланған шетел тілі» пәндер енгізілді.

2012-1013 оқу жылынан бастап, 32 жоғары оқу орындарында ағылшын тілінде оқытатын арнайы бөлімдер ашылды. 2014-2015 оқу жылында 1002 үштілділік топтар құрылды, онда 10800 студент оқыды, сонымен қатар 2014-2015 оқу жылы 7-педагогикалық жоғары оқу орнында 111 үштілді топтар құрылды. Ол үшін орыс, қазақ және ағылшын тілдерін меңгерген профессор-оқытушы құрам жасақталды.

2015-2016 оқу жылында үштілді білім беру аясында үш тілде оқыту бакалавриаттың 65 мамандықтары, магистратураның 32 мамандықтары, PhD докторантураның 8 мамандықтары бойынша 42 жоғары оқу орындарында жүргізілуде.

Халықаралық стандарттарға байланысты тілдерді деңгейлі оқыту жүйесі қалыптасты. Арнайы бағдарламалар бойынша шетел тілін тапсыру туралы сертификаттары бар тұлғалар магистратураға, резидентураға, адъюнктураға және докторантураға түсу үшін шетел тілінен емтиханнан босатылады.

Жоғары оқу орындарында ағылшын тілінде оқытуға көшу аясында ИИДМИ -2 алты мамандығы және 4 педагогикалық мамандық бойынша жыл сайын мемлекеттік тапсырыс бойынша 500 магистрант педагогикалық мамандықтарға, 900 бакалаврлар ағылшын тілінде оқуға, 500 мұғалімдер мен профессор-оқытушы құрамы «Болашақ» бағдарламасы бойынша қабылданады. Сонымен қатар жыл сайын 2,4 мың мұғалімдер мен оқытушылар біліктілігін көтеру үшін тіл курстарынан өтуі 2020 жылға дейін белгіленген. [6].

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Қазақстандағы барлық білім беру деңгейлері бойынша 2015-2016 жылдарда үштілді білім берудің Жол картасы аясында үштілді білім беруге мониторинг өткізді.

Мониторингке үштілді білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын 28 жоғары оқу орындары қатысты. Үштілді білім беру бағдарламалары жүзеге асырылатын 28 ЖОО-ның жалпы студенттер контингенті 110923 студентті құрайды, олардың оқыту қазақ тілді бөлімдерінде 80212 студент, немесе 72,3%, оқыту орыс тілді бөлімдерінде 30711 студент, немесе 27,7% оқиды (14-кесте).


14-кесте – Жүргізілген мониторингке қатысқан ЖОО-ның күндізгі бөлім білім алушыларының контингенті туралы мәліметтер

Оқыту тілі	Студенттер контингенті											
	толық оқыту курсы						қысқартылған оқыту курсы					барлығы
	1-курс	2-курс	3-курс	4-курс	5-курс	барлығы	1 курс	2 курс	3курс	4 курс	барлығы	
Қазақ	22009	20716	19004	15391	1142	78262	479	828	637	6	1950	80212
Орыс	7117	7801	7134	6820	1082	29954	168	325	263	1	757	30711
Барлығы	29126	28517	26138	22211	2224	108216	647	1153	900	7	2707	110923

Орыс бөлімінің жалпы студенттер санынан пәндерді қазақ тілінде - 54,2%, қазақ бөлімінің жалпы студенттер санынан пәндерді орыс тілінде – 20,1% студенттер оқиды. Көрсеткіштегі айырмашылық қазақ тілінің пайдасына 34,1% құрайды. Бұл үштілді білім беру бағдарламасына ЖОО студенттерін тартудың біркелкі еместігін көрсетеді. Әсіресе бұл пәнді ағылшын тілінде оқитын студенттер санына қатысты (15-кесте және 13-сурет).

15- кесте – Пәндерді мақсатты тілде оқитын ЖОО студенттерінің саны туралы мәліметтер


Студенттер санаты	Толық оқыту курсы
Пәндерді қазақ тілінде оқитын орыс бөлімінің студенттері	3842
Пәндерді орыс тілінде оқитын қазақ бөлімінің студенттері	5704
Пәндерді ағылшын тілінде оқитын орыс бөлімінің студенттері	2886
Пәндерді ағылшын тілінде оқитын қазақ бөлімінің студенттері	7450



13- сурет – Пәндерді мақсатты тілде оқитын ЖОО студенттерінің үлесі

13- суреттегі мәліметтер көрсеткендей, тілдік емес пәндерді ағылшын тілінде оқитын ЖОО студенттерінің үлесінің, колледжден айырмашылығы іс жүзінде оқыту қазақ және орыс бөлімдері арасындағы көрсеткіштермен сәйкес келеді. Мұнда колледждердің қазақ бөлімі студенттері бойынша көрсеткіштер,

төменде орыс бөлімінің сондай көрсеткіші небәрі 0,1% құрайды (14-сурет).



14-сурет – Тілдік емес пәндерді ағылшын тілінде оқитын студенттер үлесі

Оқыту қазақ тіліндегі студенттер үшін білім беру бағдарламаларын әзірлеуде ЖОО орыс бөлімі студенттеріне арналған бағдарламаларға қарағанда қазақ тілінде оқытылатын пәндерге артықшылық береді: мұнда көрсеткіштердегі айырмашылық +5,4% құрайды (16- кесте).

16-кесте – (Т1) оқыту тілі бойынша тілдік емес пәндерді мақсатты тілде оқитын колледж студенттерінің үлес көрсеткіштерін бөлу

Оқыту тілі(Т1)	(Т2) Қазақ тілі	(Т2)Орыс тілі	(Т3)Ағылшын тілі
Қазақ		7,1%	9,3%
орыс	12,5%		9,4%

Сонымен қатар, мақсатты орыс тіліндегі (Т2) білім беру бағдарламасы қазақ бөлімінің 128 мамандығы үшін және мақсатты ағылшын тілінде (Т3) 4153 мамандықтары үшін әзірленді. Бұл жоғарыдағы орыс бөлімінің көрсеткіштерінің (88 және 149 мамандықтар бойынша) ұқсастығын көрсетеді.


Сондай-ақ, қазақ топтарындағы орыс (Т2) және ағылшын(Т3) тілдерінде оқытылатын тілдік емес пәндер саны тағы да орыс бөлімі топтарындағы қазақ (Т2) және ағылшын (Т3)тілінде оқитын пәндер санын арттырады (17- кесте).

17-кесте – Мақсатты тілде оқытылатын ЖОО тілдік емес пәндері және мамандықтары туралы сандық мәліметтер

Мақсатты тілдер	Мамандықтар саны	Тілдік емес пәндер саны
Оқыту орыс тіліндегі топтардағы қазақ тілі(Т2)	88	516
Оқыту қазақ тіліндегі топтардағы орыс тілі (Т2)	128	854
Оқыту қазақ тіліндегі топтардағы ағылшын тілі (Т3)	153	1303
Оқыту орыс тіліндегі топтардағы ағылшын тілі (Т3)	149	997

Сонымен бірге пәндерді мақсатты тілде оқытуға бөлінетін оқу уақыты көлемінің көрсеткіші біркелкі бөлінбеген. Оқыту қазақ тіліндегі топтарда орыс тілінде (Т2) оқытылатын пәндерге білім беру бағдарламасының жалпы сағат санынан 23,7% бөлінеді, бұл оқыту орыс тіліндегі топтарда пәнді қазақ тілінде (Т2) оқытуға бөлінетін оқу уақытының көлемінен 5,4% көп.

Ағылшын тілінде (Т3) оқытылатын пәндердің көрінісі басқаша: мұнда оқыту қазақ тіліндегі топтарда оқу уақытының осы көлемі оқыту орыс тіліндегі топтарға қарағанда 4,8% көп (15- сурет).



	оқу уақытының үлесі
■ оқу орыс тіліндегі топтарда қазақ тілінде	18,3
■ оқу қазақ тіліндегі топтарда орыс тілінде	23,7
■ оқу қазақ тіліндегі топтарда ағылшын тілінде	26,0
■ оқу орыс тіліндегі топтарда ағылшын тілінде	21,2

15- сурет – ЖОО-да пәндерді мақсатты тілдерде (Т2 және Т3) оқытуға бөлінетін оқу уақытының үлесі

ЖОО-мен ұсынылған мәліметтер мониторинг жүргізуге қатысқан ПОҚ-ның жалпы санынан екітілді оқытушылар саны (қазақ-орыс кәсіптік білім берушілер) 37,3% құрайтынын, олардың саны 5228 адамға жететінін көрсетеді. Сондай-ақ колледждердегі сияқты ЖОО ПОҚ оқытушылардың аз саны, ағылшын тілінде оқытын оқытушылар-1506 немесе 10,7% (18-кесте, 16-сурет).

18- кесте – Мониторингке қатысқан колледж оқытушылары туралы мәлімет

Білім беру ұйымының атауы	Барлығы ЖОО бойынша	Оқытын оқытушылар							
		тек қазақ тілінде		тек орыс тілінде		қазақ және орыс тілдерінде		ағылшын тілінде	
		саны	ПОҚ жалпы санынан үлесі (%)	саны	ПОҚ жалпы санынан үлесі (%)	саны	ПОҚ жалпы санынан үлесі (%)	саны	ПОҚ жалпы санынан үлесі (%)
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе МУ	635	489	77,0	145	22,8	422	66,5	77	12,1

Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық МПИ	151	70	46,4	14	9,3	54	35,8	13	8,6
Х. Досмұхамедов атындағы Атырау МУ	424	354	83,5	184	43,4	424	100,0	63	14,9
Д. Серікбаев атындағы ШҚ МТУ	221	20	9,0	29	13,1	0	0,0	5	2,3
С. Аманжолов атындағы ШҚМУ	345	98	28,4	104	30,1	143	41,4	42	12,2
Семей қ. ММУ	396	189	47,7	228	57,6	160	40,4	74	18,7
Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ	1538	0	0,0	0	0,0	0	0,0	80	5,2
І. Жансүгіров атындағы Жетісу МУ	333	18	5,4	14	4,2	19	5,7	14	4,2
Жәңгір хан атындағы БҚАТУ	288	60	20,8	42	14,6	160	55,6	27	9,4
М. Өтемісұлы атындағы БҚМУ	450	122	27,1	106	23,6	152	33,8	70	15,6
М.Оспанов атындағы БҚММУ	511	455	89,0	56	11,0	397	77,7	10	2,0
Т.К.Жүргенов атындағы Қаз. ұлт. өнер академиясы	302	120	39,7	124	41,1	122	40,4	17	5,6
Қаз Мем Қыз ПУ	582	220	37,8	70	12,0	210	36,1	82	14,1
Қ.И.Сәтпаев атындағы ҚазҰТУ	1133	204	18,0	329	29,0	601	53,0	12	1,1
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ	81	13	16,0	32	39,5	29	35,8	6	7,4
Қар ММУ	714	304	42,6	419	58,7	55	7,7	103	14,4
Қар МТУ	660	70	10,6	72	10,9	30	4,5	66	10,0
Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ	789	56	7,1	56	7,1	112	14,2	265	33,6
Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау МУ	69	13	18,8	20	29,0	44	63,8	12	17,4
А.Байтұрсынұлы атындағы Қостанай МУ	418	81	19,4	162	38,8	189	45,2	28	6,7
Қостанай МПИ	213	49	23,0	78	36,6	69	32,4	19	8,9
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда МУ	524	33	6,3	28	5,3	399	76,1	65	12,4
Павлодар МПИ	239	42	17,6	71	29,7	83	34,7	43	18,0
М. Қозыбаев атындағы СҚМУ	46	13	28,3	15	32,6	0	0,0	18	39,1
Шәкәрім атындағы Семей МУ	477	113	23,7	112	23,5	251	52,6	65	13,6
Тараз МПИ	346	275	79,5	194	56,1	136	39,3	63	18,2
М.Х.Дулати атындағы Тараз МУ	597	40	6,7	38	6,4	504	84,4	65	10,9
М. Әуезов атындағы ОҚМУ	1540	850	55,2	125	8,1	463	30,1	102	6,6
Барлығы	14022	4371	31,2	2867	20,4	5228	37,3	1506	10,7




16- сурет –Мақсатты тілдер бойынша дәріс оқитын ЖОО ПОҚ үлесін бөлу

Студенттердің тілдік құзыреттіліктерін бағалауға қатысты тек үш ЖОО CEFR деңгейлік жүйесі бойынша бағалауды қолданады. Олар:


- I.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті;
- М.Өтемісұлы атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті;
- Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті.

Жоғарыда көрсетілген үш ЖОО ұсынған деректерді талдау студенттердің басым көпшілігі барлық үш тіл бойынша B2 деңгейінде тілдік құзыреттіліктер қалыптасуын көрсететінін дәлелдеп отыр (17- сурет).



17-сурет – Үш ЖОО студенттерінің тілдік құзыреттілік деңгейі

Үш тіл қимасындағы салыстырмалы талдау студенттердің екінші тіл ретінде қазақ тілі бойынша (T2) ең төмен көрсеткіш көрсеткенін дәлелдеді (18-сурет)



18- сурет – Студенттердің үш мақсатты тіл бойынша деңгейлік тілдік құзыреттіліктердің қалыптасу көрсеткіштерін бөлу

Үштілді білім беруді әдіснамалық және оқу-әдістемелік қамтамасыз ету жоғары оқу орындары үшін ағылшын тілінде 40-қа жуық білім бағдарламаларын және оқулықтарды, үштілде оқытудың Бірыңғай тілдік стандартына сәйкес отандық оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді, шетелдік оқулықтар мен ОӘК ағылшын тілінде 4 пән (информатика, физика, химия, биология) бойынша мектептердегі жоғары сынып пен жоғары оқу орындары үшін бейімдеуді немесе дайындауды талап етеді. Жоғары оқу орындары үшін мемлекеттік тілде оқулықтарды аудару және баспадан басып шығару жұмыстары жүргізілетін болады. [7].

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі еліміздің жоғары оқу орындарында көптілді білім беруді енгізу бойынша нақты жұмыстар жүргізді, 2011 жылы «Білім беру» бағыты бойынша МЖМБС тілдерді оқытуға арналған кредиттердің көлемі ұлғайтылды, бұл студенттердің «Кәсіби қазақ тілі/орыс тілі» және «Кәсіби бағытталған шет тілі» пәндерін 2 кредит көлемінде оқуларына мүмкіндік берді.

Сонымен қатар «Кәсіби қазақ тілі», «Кәсіби орыс тілі» және «Кәсіби бағытталған шет тілі» пәндерінің Типтік оқу бағдарламаларының талдауы, олардың мақсатын, міндеттерін, тілдік сөйлесу тақырыптарын анықтау, тілдерді меңгеру деңгейіне қойылатын талаптарды бірегейлендірудің қажеттілігін көрсетті. Кәсіби тілге оқытудың басты мақсаты – мамандықтың пәндік саласындағы кәсіби-коммуникативтік құзыреттерді жетілдіру болса, міндеттері келесідей:

- B2-C1 деңгейлері көлемінде тілдік білім беру;
- B2-C1 деңгейлері көлемінде тілдік сөйлесу әрекетінің төрт түрі бойынша біліктер мен дағдыларды қалыптастыру;
- мәдениетаралық-коммуникативтік құзыреттіліктерді дамыту;
- кәсіби ортада тілдерді қолдану білігі мен дағдыларын қалыптастыру.

Көптілді білім беруді енгізу бойынша республиканың базалық жоғары оқу орындарының бірі болып белгіленген академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінде, көптілді педагогикалық кадрлар дайындау саласында нақты тәжірибе жинақталған. Ағылшын тілінде оқу-әдістемелік материалдарын қалыптастыру бойынша кешенді жұмыс жүргізілген, қазақ, орыс және ағылшын тілдерін тиімді меңгеруге арналған академиялық база құрылған, оқытушылардың тілдік дайындығы басталған.

Авторлық ұжым ағылшын тіліндегі арнайы пәндер бойынша оқу-әдістемелік кешендер әзірледі, ҚР БҒМ грифімен үштілді терминологиялық сөздіктер басылып шығарылды, оқу құралдары, практикумдар жарық көрді, «Мемлекеттік білім беру ұйымдары кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлау» Республикалық бюджеттік бағдарламасы табысты жүзеге асырылуда. ҚР БҒМ «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығымен бірлесіп оқыту семинарлары, ағылшын тілінен республикалық олимпиадалар өткізіледі, үш тілде оқытатын мамандандырылған мектептерге арналған ағылшын тіліндегі оқу-әдістемелік кешендері әзірленеді.

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінде 2012 жылы Көптілді білім беру тұжырымдамасы әзірленді, бұл тұжырымдамада тілдердің үштұғырлылығы идеясын жүзеге асыру үшін заманауи білім беру ұйымдарының жағдайлары мен мүмкіндіктеріне талдау жасалған және көптілді білім беруді дамыту бағыттарының алғышарттары анықталған. Бұл ең алдымен заманауи тілдік білім беру мазмұнын толығымен қайта қарауды болжайды, ол өз кезегінде Қазақстан Республикасының білім беру жүйесіндегі тілдерді оқудың стратегиясы мен тактикасын анықтайтын құжаттарды әзірлеуді талап етеді.

Сонымен қатар, жүзеге асырылуы ғылыми негізделген нұсқаулар мен ұсыныстардың үлгілік талаптарына сәйкес реттелуі тиіс бағдарламалық жобаланған, тұжырымдамалық негізделген жаңа мазмұндағы тілдік білім беруді құру қажет.

Көптілділікті дамытудың айтарлықтай маңызды факторларының бірі, оның шегінде тілдерді қолдану және дамытудың, ықпал ету аясында ұтымды үйлестіру мәселелері бойынша білім беру тәжірибесі үшін ғылыми негізделген ұсыныстар мен ұйғарымдар әзірленуі тиіс этнолингвистика саласындағы зерттеулер болып табылады.

Сонымен қатар, үлгілік бағдарламаларда ұсынылған тілдік қарым-қатынас тақырыбы мамандығы бейініне сәйкес келетін кафедра мамандарымен келісілуі тиіс, өйткені кәсіби-бағдарланған тілдің контексті лингвистикалық және кәсіптік білім беруді біріктіруді көздейді. Мамандықтардың үлгілік оқу жоспарлары тілдік білім берудің үздіксіздік және сабақтастық принципін ескеруі тиіс.

Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ 2006 жылдан бері шеттілдік білім берудің бірінғай ұлттық жүйесін құруға бағытталған шеттілдік білім берудің деңгейлік моделін жүзеге асыруда. Бұл модель бастауыш және орта мектептер, мамандандырылған мектептер, ТжКББ ұйымдары, тілдік және тілдік емес жоғары оқу орындары, сондай-ақ магистратура үшін шеттілде білім берудің

деңгейлері мен мазмұны беріліген Қазақстан Республикасының шеттілдік білім беруді дамыту Тұжырымдамасында ұсынылды [8].

Жоғары оқу орындарының техникалық мамандықтарының Үлгілік оқу жоспарларын талдау нәтижелері жекелеген мамандықтарда ЖБП циклінде «Шетел тілі» пәнін оқу тек 2-курста ғана қарастырылған, бұл шетел тілін оқытудағы мектеп/колледж және ЖОО-ны арасындағы сабақтастықты белгілі бір дәрежеде бұзатынын, сол себепті шетел тілін оқыту бір жылға тоқтатылатынын дәлелдейді. ЖБП циклінің шет тілі курсының жалғасы логика бойынша «Кәсіби-бағдарланған шет тілі» пәні болып табылады. Талдау көрсеткендей, сондай-ақ жекелеген мамандықтарда осы пәнді оқытуда бір жылға алшақтық байқалады.

Жоғарыда айтылғандардың барлығы шет тіліне оқытудың бірізділігін, сонымен қатар оқу жоспарының мамандық бойынша пәндерін оқудың жүйелілігін қамтамасыз етуге қатысты жоғары оқу орындарының жекелеген мамандықтарының Үлгілік оқу жоспарларына өзгерістер енгізу қажеттігін көрсетеді.

Бастауыш мектептен бастап тілдерді оқытудың стандарттарын енгізу, педагогикалық кадрлардың сәйкес дайындығын талап етеді. Осыған байланысты жоғары және жоғарыдан кейінгі білім берудің қолданыстағы мамандықтар классификаторына даярлықты қамтамасыз ететін келесі жаңа мамандықтар енгізу қажеттілігі туындайды:

- бастауыш мектеп үшін шет тілдері мұғалімдерін, себебі қазіргі «Бастауышта оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» және «Шет тілі: екі шет тілі» білім беру бағдарламалары шет тілдерін ерте оқытудың ерекшелігін қарастырмайды. Сондықтан «Бастауышта оқытудың педагогикасы мен әдістемесі және шет тілі» жаңа мамандығын ашу қажеттілігі бар;

- ана тілі емес ретіндегі қазақ/орыс тілінің мұғалімдерін, себебі, ең алдымен, коммуникативтілікке, тіл мен мәдениеттің үндестігіне, ана тілі, ана тілі емес ретіндегі тіл және шет тілдерінің үндестігіне бағдарланған тілдік білімнің парадигмасы өзгеруде. Сондықтан «Қазақ тілі ана тілі емес ретінде» және «Орыс тілі ана тілі емес ретінде» жаңа мамандықтарын ашу қажеттілігі бар.

Тілдерді оқытуды стандарттау бүгінгі таңда мынадай әдіснамалық принциптердің жиынтығымен айқындалатын көптілді білім берудің жаңа тұжырымдамалық тәсілдемесін талап етеді:

- үздіксіздік принципі көптілді білім беру деңгейлерінің (тігінен) арасындағы жүйенің барлық компоненттерінің (мақсаттарының, міндеттерінің, мазмұнының, әдістерінің, құралдарының, формаларының) байланысы, келісімділігі және келешегі ретінде түсініледі;

- сабақтастық принципі көптілді білім берудің әрбір деңгейінде (көлденеңінен) жүйенің барлық компоненттерінің (мақсаттарының, міндеттерінің, мазмұнының, әдістерінің, құралдарының, формаларының) тұтастығын қамтамасыз ететін фактор болып табылады;

- «білімнің қосарланып кіруі» принципі тілдік пәндерді меңгеру арқылы және тілдік емес пәндердің оқытылу тілі арқылы (мысалы, химия, физика

ағылшын тілінде, Қазақстан тарихы, қазақ әдебиеті – қазақ тілінде, орыс әдебиеті, дүниежүзі тарихы – орыс тілінде оқытылады және т.б.) тілдерді параллель меңгеруді қамтамасыз етеді;

- этномәдени білім беру кеңістігінде байланыста болатын тілдердің функционалдық белсенділігі принципі, бұл түрлі тілдерді белсенді пайдалану үшін институционалдық ортада қоғамның қажеттіліктері мен мүдделеріне сәйкес, институционалдық емес және бейресми орталарда тұлғаның және жекелеген әлеуметтік топтардың мүдделері мен қажеттіліктеріне сәйкес жағдай жасауды білдіреді [8];

- білім беру мазмұнындағы мемлекеттік (қазақ) және ресми (орыс) тілдерінің теңгерімділік принципі белгілі бір нақты аймақтың әлеуметтік лингвистикалық жағдайы ерекшеліктерін есепке алуды білдіреді [8]. Осы екі тілге баса назар аударудың себебі, Қазақстанның әр түрлі өңірлерінде олардың функционалдық белсенділігі тең емес. Еліміздің оңтүстік облыстарында орыс тілінің белсенділігі төменірек, ал солтүстік облыстарда оның қолданудың аясы неғұрлым кең деген сөз.

4 Үш тілді білім беруге дайындық аясында педагогикалық мамандықтардың білім беру бағдарламаларын әзірлеу бойынша ұсынымдар

Педагогикалық кадрларды даярлаудың қолданыстағы бағдарламаларын талдау республикада үш тілді білім беруді одан әрі табысты іске асыру үшін нормативтік-құқықтық құжаттамаға (МЖМБС, ҮОЖ-да және т.б.), барлық деңгейдегі білім беру ұйымдарының саясатына өзгерістер енгізу, білім беру процесіндегі барлық стейкхолдерлердің қызығушылығы сияқты бірқатар шаралар қажет екенін көрсетті.

Ең алдымен, 2016-2020 жылдарға арналған білім берудің барлық деңгейлерінде үш тілді оқытуды енгізу аясында елдегі педагогикалық және басқару кадрларын дайындау және біліктілігін арттырудың тұжырымдамалық тәсілдемесін әзірлеу қажет. Педагогтың мақсатты кәсіби құзыреті арқылы педагогикалық кадрларды дайындаудың қолданыстағы бағдарламаларын жетілдіру және/немесе жаңа бағдарламаларды жасау қажет.

CLIL әдістемесі – пән мен тілді кіріктіре оқытуға үйрету. Пән мен тілді кіріктіре оқыту әдістемесімен айналысатын мұғалімдер әр түрлі сараптамаларды жасауға дайын болуы тиіс: пәннің мазмұнын, тілін, сабақ берудің және оқытудың үздік тәжірибесін, пәннің, тілдің және әдістемелік тәсілдің бірігуін, оқу орнында CLIL енгізуді және т.б.

Үздіксіз білім беру жүйесінде анықталған құзыреттер негізгі білім, біліктерді және қарым-қатынасты сипаттайды, олар сыни ойлауға, ынтаға, мәселелерді шешуге, тәуекелдерді бағалауға, шешімдер қабылдауға және сезімдерді сындарлы басқаруға назар аудартады.

Еуропалық сегіз негізгі құзыреттілік мыналарды қамтиды: ана тілінде тілдесу, шетел тілдерінде қарым-қатынас жасау, ғылым мен техникадағы математикалық және базалық құзыреттер, АКТ-құзыреттілігі, жалпы оқу дағдылары, әлеуметтік және азаматтық құзыреттіліктер, ынталылық және іскерлік сезімі, басқа халықтардың мәдениеті мен дәстүрлерін құрметтеу және өз мәдениетін білдіру [9].

Көптілді білім беру жағдайында бүкіл бағдарламаны оқыту барысында пән мен тілді кіріктіре оқытатын мұғалім ие болатын және осындай мұғалімді дамытатын мақсатты кәсіби құзыреттіліктерді ұсыну керек:

- жеке рефлексия немесе белгілі бір танымдық, әлеуметтік және эмоциялық дамуға бейілділігі;

- пәндік-тілдік оқытудың негіздері немесе оқытудың ең озық әдістемелерімен байланыс, олардың көмегімен пәндік-кіріктірілген оқытудың барлық стейкхолдерлерімен сындарлы қарым-қатынас орнатылады;

- тілді игеруге қатысты пәндік және тілдік құзыреттіліктер, ал тілді тереңдетіп оқыту пәннің мазмұнына байланысты. Тілдердің (Т1, Т2, Т3) өзара тәуелділігін білудің зерттеу тәсілі және танымдық қабілеттерді дамыту пәндік мазмұн мен тілді үйренуге де ықпал етеді;

- әдіснама және бағалау;

- оқыту құзыретін қалыптастыру;

- әріптестермен ынтымақтастық;
- стратегияларды әзірлеу;
- бағыттар мен басымдықтарды әзірлеу;
- толыққанды пәндік оқу тәжірибесін әзірлеу;
- бағалау;
- зерттеу және бағалау;
- ресурстар және қоршаған кеңістік;
- CLIL басқару.

19- кесте көптілді оқыту мұғалімінің мақсатты кәсіби құзыретін ашады.

Құзырет	Оқытушылар жасай алады және жасай біледі
Жеке рефлексия	<ul style="list-style-type: none"> - сабақ беру мен оқытудың жалпы қабылданған қағидаттарына деген өз түсінігі мен көзқарасын жазу; - мазмұн мен тілді оқып білуге (T1, T2, T3), сондай-ақ оқу біліктерінің дамуына деген өз түсінігі мен көзқарасын зерделеу және жазу; - өзінің педагогикалық және мазмұндық (пәндік) құзыреттерін және оларды жетілдіру қажеттілігін анықтау; - шет тілін меңгерудің Жалпыеуропалық құзыреттеріне сәйкес білім алушылардың тілдік құзыретінің деңгейін анықтау және жетілдіру қажеттілігін дәлелдеу; - оқытушы мен студенттің әлеуметтік-мәдени, тұлғалық және кәсіби қажеттіліктерін анықтау үшін білім алушылармен жұмыстың әдістерін зерделеу және баяндау; - әріптестермен және басқа да тұлғалармен ынтымақтастықтың қажеттілігін зерделеу және баяндау, мұндай ынтымақтастықтың механизмін сипаттау; - негізделген кәсіби сенімділік қағидаларына сәйкес жұмыс істеу; - өздігінен білім алу жоспарын жетілдіру және жаңарту; - оқытушының көптеген рөлдерін және даралығын зерттеу және қолдану; - оқу процесінің барлық стейкхолдерлерінің әсерін және мінез-құлқын зерделеу және басқару.
Пәндік-тілдік оқытудың негіздері	<ul style="list-style-type: none"> - кіріктірілген оқытудың негізгі белгілерін сипаттау (анықтамасы, үлгісі, күтілетін нәтижелері, әдістемесі, негізгі принциптері); - ЖОО ішкі және сыртқы серіктестеріне түсіндіру және талқылау; - ЖОО ерекшелігі және басымдықтарына сәйкес көптілді оқытудың стратегиясын түсіндіру.
Пәндік және тілдік	<ul style="list-style-type: none"> - оқытудың қажетті мазмұнын және оны жүзеге асырудың ықтимал кедергілерін анықтау; - мазмұнын түрлі мәдени перспективалар тұрғысынан қарастыру; - пәндік мазмұндағы сабақтарында тілді оқытуды қолдау үшін стратегияларды іске қосу; - тілдің пәндік мазмұнын оқытуды күшейту үшін нақты мүмкіндіктер құру; - студенттердің жаңа білімдерін жеке тәжірибесімен (тілімен, басқа пәндермен, жеке тәжірибесімен және қоршаған ортамен) ұштастыра білу дағдыларын дамыту үшін стратегияларды қолдану; - студенттердің тілдік құзыретін және тілді меңгеру процесін қолдау; - бірінші тілдің қосымша тілді үйренуге қалай ықпал етуі мүмкін

	<p>екенін түсіндіру;</p> <ul style="list-style-type: none"> - монолингвалды сабақ беру мен оқытудан би және полилингвалдыға көшуі стратегиясын модельдеу; - тілдік және мазмұндық оқытуды қолдау үшін, сондай-ақ жалпы оқу дағдыларын дамыту үшін сыни дискурсты, себеп-салдарлық байланыстарын, қарым-қатынастың базалық тұлғааралық дағдыларын, когнитивті академиялық құзыреттілікті ескеретін стратегияларды әзірлеу және қолдану; - тілді оқытуда және қолдануда жас ерекшеліктерінің өзара байланысын түсіндіру; - тілдік құзыретті пәндік мазмұнды оқытумен және танымдық қабілеттерімен біріктіру; - пәндік мазмұндағы пәндерді оқыту барысында тілді оқытуды қолдау; - диалогтік сабақ беру және оқытуды қолдайтын дискурстың зерттеу формасын және басқа да формаларын қоса алғанда, әлеуметтік конструктивизм теориясын ескеретін оқыту стратегиясын ұсыну; - тіл білімі саласынан теорияларды тарту (мысалы, Second Language Acquisition – оқыту стратегиясы ұсыну үшін екінші тілді меңгеру).
Әдіснама және бағалау	- әдіснама мен бағалауға қатысы бар білім, біліктерді біріктіру және қолдану.
Оқыту құзыретін қалыптастыру	<ul style="list-style-type: none"> - өзін-өзі ынталандыру; - одан да көп дербестік үшін өзін-өзі бағалау; - оқытушылар мен студенттер арасында кері байланыс және сындарлы баға беру, алу және қабылдау; - оқытудың қолайлы стильдерін анықтау және талдау, кеңейту және тиімді пайдалану.
Әріптестермен ынтымақтастық	<ul style="list-style-type: none"> - әріптестерімен ынтымақтастық қатынастарын құру және осындай ынтымақтастықтың белгілі бір стратегиялар мен дағдылар жинағына ие болу; - оқытудың нәтижелерін жақсарту мақсатында әріптестерімен ынтымақтасу.
Стратегияларды әзірлеу	<ul style="list-style-type: none"> - стратегияларды әзірлеу; - студенттермен бірлесіп білім алу үшін және бірлесіп оқыту үшін; - сыни тұрғыдан ойлауын дамыту үшін; - әр түрлі стратегияларды қолдану арқылы үздіксіз тілдік прогресті қолдау (жақын арадағы даму аймағы, қателерді, бірінші тілдік көшіруді және тілдік интерференцияны ұғыну және түзету, ана тіліне тірек жасау, антитеңестіру және модельдеу) - аралас оқытудың тәсілдерін қолдану.
Бағыттар мен басымдықтарды әзірлеу	<ul style="list-style-type: none"> - студенттермен бірге олардың қажеттіліктерін анықтау; - осы бағдарлама мәнмәтінінде сабақтардың модульдерін әзірлеу; - пән мазмұнының түйінді тұжырымдарын анықтау және оларды тілдік құзыреттердің айырмашылығын және студенттердің қажеттіліктерін ескере отырып, оқытуды модификациялау жолымен студенттер үшін қол жетімді ету; - студенттермен бірге оқытудың нәтижелеріне (тілі, мазмұны мен тілдік дағдылары) қойылатын талаптарды қалыптастыру; - үш жақты тәсілді сақтау: мазмұндық компонентті, тілді және оқу дағдыларын дамыту; - пән бойынша бұрын алған білімдерін, дағдыларын, білім алушылардың қатынасы мен тәжірибесін жетілдіру және бекіту;

	<ul style="list-style-type: none"> - үздіксіз оқытудың Еуропалық негізгі құзыреттерінде көрсетілген бағыттарды ұстану;
Толыққанды пәндік оқу тәжірибесі әзірлеу	<ul style="list-style-type: none"> - оқыту процесінің эмотивті жағын басқаруға деген студенттердің ұмтылысын қосымша тіл арқылы қолдау; - студенттер үшін толыққанды пәндік және практикалық орта құру (топтық жұмыс, курстастарын оқыту, тағылымдама және т.б.) - басқа студенттермен байланыстарды және қарым-қатынасты кеңейту үшін қолдаушы құрылым құру.
Бағалау	<ul style="list-style-type: none"> - бағалаудың өзіндік мақсаттары мен міндеттерін құру, бағалаудың тиісті құралдарын дамыту және қолдану; - алған білімдерінің көлемін анықтау; - студенттерді портфолио әдісін оқыту, дәріс беру және бағалауға ықпал ететін құрал ретінде қолдануға бағыттау; - пәндік мазмұнын, тіл және оқу дағдыларын дамыту үшін қалыптастырушы және қорытынды бағалаудың стратегияларын қолдану; - оқытудағы прогрессті қолдау үшін салыстырмалы тестілеуді қолдану; - білім алушылардың өзінің оқуы үшін жауапкершілігін өзіне алуына деген ұмтылысына қолдау көрсету үшін өзін-өзі бағалаудың қағидаттарын жасау; - «бағалаудың тұзақтарын» егжей-тегжейлі талдау және оларды айналып өту мүмкіндіктерін ұсыну.
Зерттеу және бағалау	<ul style="list-style-type: none"> - пәнді зерделеудің әдістемесін студенттерге түсінікті түрде талқылау; - көптілді оқытудың барлық қатысушыларымен оқу іс-әрекетіне ынтымақтаса талдау жасау; - тұтастай алғанда, оқытудағы, сондай-ақ екінші тілді меңгерудегі, таным психологиясындағы және нәтижелі оқытудағы негізгі жетістіктерін тұжырымдау; - кіріктірілген оқыту бойынша зерттеу мақалаларын талдау; - зерттеу және бағалауды интерпретациялау және жоспарлау кезінде салыстырмалы тестілеуді (өңірлік, ұлттық, халықаралық) қолдану; - студенттердің өзін-өзі бағалау үшін, өзара бағалау үшін және оқытушылық іс-тәжірибесін бағалау үшін құралдар мен стратегияларды түсіндіру; - зерттеудің және бағалаудың нәтижелерін сыни тұрғыдан интерпретациялау.
Ресурстар және қоршаған кеңістік	<ul style="list-style-type: none"> - үш бірлікті тәсілді қамтамасыз ету: мазмұны, тілі және оқу дағдылары; - танымдық және тілдік оқу материалдарын әзірлеу және қолдану; - CLIL ресурстарын (мультимедиялық ресурсты қоса алғанда) әзірлеу бойынша өлшемшарттар құру; - аудиториялық және аудиториядан тыс кеңістікті пайдалану үшін өлшемшарттар мен стратегияларды баяндау; - оқу ресурстарын бағалау және әлеуетті қиындықтарды және оларды еңсерудің шешімдерін анықтау; - сайлаушылық, шығармашылық, бейімделген және бағалайтын немесе дамытатын оқу материалдарына бағытталған және білім беру кеңістігін бағалайтын кооперативтік желіні дамытудың технологиясын қалыптастыру; - студенттерге пәнаралық байланыстарды орнатуға көмектесу.

Сабақ үстінде жұмысты басқару	<ul style="list-style-type: none"> - коммуникацияны дамыту үшін, бірлесе оқыту және көшбасшылық үшін әр түрлі оқу нұсқауларын қолдану; - білім беру үдерісін басқару мақсатында сабақта қарым-қатынас жасау үшін тиісті тілді қолдану; - студенттердің тілдік және мәдени алуан түрлілігімен байланысты мүмкіндіктерін тану және қолдану; - білім алушылардың әр түрлі қажеттіліктерін ескеру (арнайы және ерекше қажеттіліктері, әлеуметтік-экономикалық және әлеуметтік-мәдени аясын, жынысы және т. б.); - студенттермен бірге оқыту процесіне және білім алушылардың белсенді қатысуына байланысты қауіп-қатерсіз орта құру.
CLIL басқару	<ul style="list-style-type: none"> - модельдердің өзгерістерімен жұмыс істеу; - кәсіби қоғамдастықтың қағидаларын, модельдері мен стратегияларын қолдану; - процестің ішкі және сыртқы қатысушыларымен жұмыс жасау; - кәсіби өзін-өзі басқарудың қағидаларын қолдану; - бұқаралық ақпарат құралдарында пәндік-тілдік кіріктірілген оқыту технологиясының мүддесін қорғау; - гендерлік және басқа да инклюзивті мәселелерді қоса алғанда, CLIL қатысты этникалық сұрақтар түсіндіру.

Бүгінгі таңда жаңартылған білім беру мазмұнының енгізілуімен педагогикалық кадрларды даярлауға және түлектердің білім дәрежесіне қойылатын талаптар түбегейлі өзгеруде. Жұмыс берушілер мамандардан жаңа кәсіби және жеке қасиеттерін – жүйелі ойлауын, құқықтық, ақпараттық, байланысқа бейімділік мәдениетін және тілдерді білуін талап етеді.

Көптілді білім беруде педагогтарды даярлаудың шетелдік тәжірибесін зерделей отырып, көптілділікті іске асырудың бастапқы кезеңінде эксперимент ретінде English Discoveries Online/Offline жүйесін енгізу ұсынылады.

Бұл – оқытудың ең озық әдістемесін, сондай-ақ озық мультимедиялық оқыту, бағдарламалық қамтамасыз етуді және жаңа педагогикалық ресурстарды қамтитын шет тілін кешенді оқытудың кіріктірілген жүйесі.

English Discoveries мультимедиялық оқыту бағдарламасы – бұл жалпы сөйлесімдік ағылшын тілі бойынша түрлі 10 курс: Жаңа бастаушылар үшін ағылшын тілі; Базалық 1-деңгей; Базалық 2-деңгей; Базалық 3-деңгей; Орташа 1-деңгей; Орташа 2-деңгей; Орташа 3-деңгей; Ілгерінді 1-деңгей; Ілгерінді 2-деңгей; Ілгерінді 3-деңгей. Соның арқасында студенттер ағылшын тілін ең қысқа мерзімде үйренуде.

Басты мақсаты оқытушылар мен студенттерге оқу үдерісінде аса маңызды нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік беретін қазіргі заманғы оқу материалдарының, технологиялардың кең ауқымын ұсыну болып табылады.

Аудиториялық және зертханалық сабақтардан басқа студенттер қашықтық режиміндегі мультимедиялық бағдарламамен өзіндік жұмысқа елеулі уақыттарын бөледі.

Ағылшын тілін үйренудің тереңдетілген курсы бітіргеннен кейін және өз білімінің деңгейін арттырғаннан кейін студенттер көптілділікті ескере отырып, оқуын жалғастырады.

Екінші кезеңде студенттер ОӘК мамандықты ескере отырып, әзірленген «Кәсіби ағылшын тілін» оқиды. Мақсатты негізге ала отырып, ағылшын тіліне оқыту кәсіби бағыттылықты, пәнаралықты және коммуникативті-іскерлік тәсілді ескере отырып, құрылады. Осылайша, мысалы, «Өзін-өзі тану» мұғалімдері «Өзін-өзі тану ағылшын тілінде» пәнін оқиды, физика мұғалімдері физика және астрономияның негізгі ұғымдарын ағылшын тілінде оқиды.

Кәсіби ағылшын тілі курсы оқу барысында студенттерде екінші тілді қарым-қатынас құралы ретінде, білімнің түрлі салаларынан жаңа, өзекті және пайдалы ақпарат алу құралы ретінде пайдаланудың дағдылары мен біліктері қалыптасады. Кәсіби ағылшын тілі курсы бітірген соң студенттер қажетті кәсіби лексиканы меңгереді, арнайы сөздікті қамтитын мәтіндерді оқиды, диалогтік және монологтық сөйлеуі дамиды, сондай-ақ осы білімдерін одан әрі тәжірибесінде пайдаланады.

Көптілділікті енгізудің соңғы кезеңінде көптілділік ескерілген тәжірибенің барлық түрлері болуы керек, яғни студенттер өз сабақтарын үш тілде өткізулері қажет. Студенттер оқыту процесінде таңдаған мамандығы бойынша үш тілде портфолио жасауы маңызды болып табылады.

Осылайша, бүкіл курс бағдарламасы бойында студенттер үш бағыт бойынша оқиды: тереңдетілген және кәсіби қазақ тілі, орыс және ағылшын тілдері.

Үштілді білім беру аясында педагогтарды даярлаудың білім беру бағдарламаларын әзірлеу барысында міндетті түрде тілдік (көптілді), пәндік және педагогикалық құзыреттілігінің қалыптасуын ескеру ұсынылады.

Көптілді білім берудің мақсаттарын табысты іске асыру үшін білім беру процесінің дидактикалық жағын күшейту қажет.

Жалпы алғанда, тілдерді оқытудың тиімділігі туралы айтқанда, осы жұмыстың жүйелі жетілдірілуі бойынша қадамдарды қолдану қажет. Инновациялық әдістер іздеу қажет. Атап айтқанда, әрбір облыста тілдерді оқытудың озық технологияларын енгізу бойынша мамандандырылған арнайы орталықтар құру және нығайту.

Шын мәнінде, Қазақстандағы үштілділік – елімізді, оның әлеуетін одан әрі нығайтуға бағытталған тұжырымдама, оны қоғам қолдауы тиіс. Үш тұғырлы тіл идеясы, шын мәнінде, үздіктердің арасында тең, бәсекеге қабілетті Қазақстанның қалыптасуына және дамуына бағытталған ұлттық идеологияның бір бөлігі болып табылады.

Қазақстандағы көптілді білім беруді дамытудың қазіргі кезеңі оны жүзеге асырудың нақты ұйымдастырушылық формаларын қажет етеді.

Сонымен Республикалық көптілді білім беру мәселелері бойынша үйлестіру және ғылыми-зерттеу орталығы, жоғары оқу орындарындағы және облыстық білім департаменттеріндегі көптілді беруді дамыту орталықтары, қазақ, орыс, ағылшын тілдерін оқытудың деңгейлік оқыту моделін енгізу бойынша оқытушы семинарлары көптілді білім беру педагогикалық мониторингінің механизмдері бола алады.

Қорытынды

Қазақстан Республикасының 2016-2019 жылдарға арналған білім беру мен ғылымның дамуының мемлекеттік бағдарламасында көрсетілген: «педагогикалық кадрларға деген қажеттілік жаратылыстану-математикалық циклдің төрт пәнін ағылшын тілінде оқыту барысында және үш тұғырлы тілді енгізуде мынадай жолдармен іске асырылатын болады:

- «Болашақ» бағдарламаларының түлектері білім беру ұйымдарында ұстаздық жұмыстарға қамту мезанизмдері арқылы жұмысқа тарту;

- мұғалімдерді жоғары оқу орындары мен колледждерде мақсатты даярлау;

- физика, химия, биология және информатика пәндерін ағылшын тілінде оқытудың әдістемесі бойынша мектеп мұғалімдерінің біліктіліктерін көтеру;

- студенттермен алмасу және волонтерлерді қамту бойынша бағдарламалар.

Үш тұғырлы тілді білім беруді оқу және ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету тілдерді (қазақ, орыс, ағылшын) деңгейлік оқыту бағдарламаларына CEFR (2016-2017 оқу жылы) негізінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу шеңберінде іске асырылатын болады. Педагогикалық жоғары оқу орындарында педагогтардың тілдік құзыретін және студенттердің IELTS тестін тапсыру (6,5 баллдан төмен емес) талаптарын дамыту бойынша кадрларды даярлау сапасын күшейту жөніндегі НЗМ тәжірибелерін енгізу механизмдері анықталды» [3].

2015-2020 жылдардағы үш тұғырлы тілді білім беруді дамытудың жол картасын жасауда үштілді білім беруді енгізу процесін сүйемелдеуде болатын тәуекелдер анықталды. Оның ішінде үштілділік білім беруді қолдамайтын жұртшылық қауымы, пәндік мұғалімдердің пассивті немесе негативті көзқарастары ескерілді. Алайда, Қазақстандағы үштілді білім беру ахуалына жасалған талдау көрсеткендей, негізгі тәуекел педагогикалық кадрлардың дайын еместігі болып табылады.

Бұл мәселе үштілді білім беру шеңберінде кадрларды даярлау және қайта даярлау бағдарламаларын іске асыруды жылдамдату; педагогтарды даярлаудың әртүрлі әдістерін қолдануды, жеке меншіктегі құрылымдарды қатыстыру (КТЛ, «Мирас» мектептері және т.б.), республикалық, облыстық семинар-тренингтер өткізуді қажет етеді.

Педагогикалық кадрларды даярлаудың қолданыстағы бағдарламаларын сараптау үштілді білім беруге дайындық барысына елеулі өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажеттігін көрсетті. Бұл атқарылатын жұмыстар барлық білім беру ұйымдарының, әдістемелік бірлестіктердің, білім саласындағы құзыретті органның қатысуымен жүргізілуі тиіс.

Үштілділік білім беруді енгізудің тиімділігі мақсатты-бағытты ұйымдастыру–педагогикалық жағдайларды іске асыруға байланысты, олар теориялық тәсілдер және оның компоненттерін эксперименталдық апробация жасау барысында көрініс тапты, олар:

- дамушы, өзіндік ұйымдасатын жүйелерде көптілді педагогикалық кадрларды даярлауға қатаң тәсілдер қолдану;

- өңірлік жағдайларды ескере отырып, мемлекеттік білім беру кеңістігін дамытудың ұзақмерзімді және ортамерзімді бағдарламаларына негізделген модельге сүйене отырып кадрлық саясатты болжау;

- мәселелерді болжаулық талдауға бағдарлану және республиканың үздіксіз және кәсіптік-педагогикалық білім беру жүйесінің қызметіндегі нақты, жеке-дара мәселелерін білім беру практикасының және кадрлық саясат субъектілерінің қызметтерін интеграциялаудың ерекше жағдайларын ескере отырып, шешу жолдарын анықтау және құру болып табылады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Государственная программа развития образования Республики Казахстан на 2011-2020 годы, утвержденная Указом Президента Республики Казахстан от 7 декабря 2010 года, № 1118.
2. Совместный приказ и.о. Министра образования и науки Республики Казахстан от 5 ноября 2015 года № 622, Министра культуры и спорта Республики Казахстан от 9 ноября 2015 года № 344 и Министра по инвестициям и развитию Республики Казахстан от 13 ноября 2015 года № 1066 «Об утверждении Дорожной карты развития трехязычного образования на 2015-2020 годы» /http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=35182262
3. Государственная программа развития образования и науки Республики Казахстан на 2016-2019 годы, утвержденная Указом Президента Республики Казахстан от 2 марта 2016 года №205// <http://adilet.zan.kz/rus/docs/U1600000205>
4. http://edu.gov.kz/ru/page/deyatelnost/visshee_i_poslevuzovskoe_obrazovanie.
5. Назарбаев Н.А. Социальная модернизация Казахстана: Двадцать шагов к Обществу Всеобщего Труда // Казахстанская правда. — 2012. — № 218-219. — 10 июля.
6. Национальный доклад «О состоянии и развитии системы образования Республики Казахстан» по итогам 2015 года/АО «Информационно-аналитический центр», Астана, 2016 г., с. 331-332
7. Состояние трехязычного образования в Казахстане/ Аналитическая справка, НАО им. И.Алтынсарина, Астана, 2016, 68 стр.
8. Б.А. Жетписбаева, Е.А.Костина, Г.Н.Акбаева Проблемы преподавания профессионально-ориентированного языка в контексте модернизации профессионального образования/ Вестник Каргу, 2015 г.
9. А.Стойнова, М.Глушкова. Как разработать и внедрить устойчивую программу многоязычного образования/ Руководство по проектированию и реализации многоязычных программ, Бишкек 2016 г., 243 стр.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	3
1. Педагогикалық кадрларды даярлаудың қолданыстағы бағдарламаларының мазмұны	5
2. Үштілді білім берудің мақсаты, міндеті және ерекшеліктері.....	28
3. Кадрларды даярлаудың қолданыстағы бағдарламалары мазмұндарының үштілділік білім берудің мақсаттары мен міндеттеріне сәйкестігі	32
4. Үш тілді білім беруге дайындық аясында педагогикалық мамандықтардың білім беру бағдарламаларын әзірлеу бойынша ұсынымдар.....	42
Қорытынды	48
Пайдаланылған әдебиеттік дереккөздер.....	50

Введение

Одним из важнейших аспектов происходящей в казахстанском обществе экономической и социальной модернизации выступает политика в области языка. Внимание Лидера нации – Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева к этой составляющей государственной политики очевидно и заслуживает самого пристального изучения и анализа, поскольку именно в нашей республике реализуется уникальный проект, инициированный Главой государства, - «Триединство языков».

В современном мире, полиязычном и мультикультурном, как никогда актуальна проблема сопряженности языков, поиск эффективных и жизнеспособных программ в области языков по консолидации обществ. В связи с этим значимость и актуальность полиязычного образования, являющегося результатом внедрения идеи о триединстве языков, не вызывают сомнения.

Полиязычие как важное направление развития человечества осознавалось давно. Сегодня невозможно представить себе, что где-то еще существуют страны, люди которых владели бы только одним языком. И в реальности нет цивилизованных государств, где жила бы только одна нация. Для нормального функционирования любого многонационального государства весьма существенно формирование двуязычия и полиязычия.

Для решения поставленной Президентом задачи эффективного внедрения полиязычия в образование необходимо привести в единую систему фрагментарно наработанную практику полиязычного образования в отдельных вузах и школах Республики Казахстан и обеспечить преемственность образовательных программ. Это потребует, в свою очередь, разработки комплекса научно-методических рекомендаций по реализации принципа преемственности полиязычного образования в системе «школа- вуз», социально-экономический эффект которых определяется тем, что будут созданы реальные предпосылки для решения задач, поставленных в Государственной программе развития образования на 2011-2020 годы: «... подготовка педагогических кадров с полиязычным образованием в вузах страны»[1].

При этом важнейшей стратегической задачей образования Казахстана является, с одной стороны, сохранение лучших казахстанских образовательных традиций, с другой, обеспечение выпускников школ международными квалификационными качествами, развитие их лингвистического сознания, в основе которого – овладение государственным, родным и иностранными языками.

Согласно пункта 5.2. «провести анализ содержания действующих программ подготовки педагогических кадров для работы в условиях трехязычного образования» Дорожной карты развития трехязычного образования на 2015-2020 годы [2] Национальной академией образования им. И.Алтынсарина подготовлена данная аналитическая справка.

Для составления аналитической справки был проведен анализ действующих программ подготовки педагогических кадров в Республике

Казахстан на основе рабочих учебных планов на 2015-2016 уч.г и 2016-2017 уч.г..

В соответствии с технической спецификацией:

- был изучен международный опыт подготовки педагогических кадров для полиязычного образования;

- выявлены особенности трехязычного образования в Казахстане;

- установлены соответствия действующих программ подготовки педагогических кадров целям и задачам трехязычного образования;

- составлены рекомендации по разработке образовательных программ педагогических специальностей в контексте подготовки к трехязычному образованию.

Результаты проведенного исследования отражены в настоящей аналитической справке.

